Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Жұмыстарды сатып алу туралы шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорны " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____, негізінде әрекет ететін _____ _____ атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын, _____, негізінде әрекет ететін _____ _____ атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жекелей жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатындар, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыс) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарына сай орындалған жұмыстарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Осы Шартта төменде аталып өткен ұғымдар келесі жолмен түсіндіріледі:

1.2.1. «Шарт» – Тапсырыс беруші мен Мердігердің арасында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған, электрондық нысанда тіркелген, барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге және шартта сілтемелері бар бүкіл құжаттамасымен бірге Тараптардың электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған азаматтық-құқықтық шарт. Қажет болған жағдайда, осы Шарт – zakup.sk.kz сайтында аталған Шартқа электрондық цифрлық қолтаңба қою жөніндегі міндетті шартымен, қағаз тасушыда жазбаша нысанда жасалуы мүмкін.

1.2.2. "Күнтізбелік кесте" - Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, осы Шарт бойынша жұмыстардың басталу күнін, жұмыстарды орындау кезеңдері бойынша бөлуді, жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау кезектілігін, жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау мерзімдерін, тұтастай алғанда осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімдерін, сондай-ақ осы Шарт бойынша жұмыстар мен жұмыстардың жекелеген кезеңдерін орындау құнын айқындайтын қосымша жалпы.

1.2.3. "Жұмыстардың басталу күні" - күнтізбелік кестеде көрсетілген күнді білдіреді, ол басталған кезде мердігердің жұмыс алаңында күнтізбелік кестеге сәйкес шарт бойынша жұмыстарды орындауға дайын персоналы, жабдықтары мен материалдары, уақытша ғимараттары мен құрылыстары болуы міндетті.

1.2.4. «Шарттың сомасы» – өзінің шарттық міндеттемелерін толығымен орындағаны үшін Шарт шеңберінде Мердігерге Тапсырыс берушінің төлеуі тиіс болатын соманы білдіреді.

1.2.5. «Нысан» – құрылыс заты, соның ішінде бекітілген ЖСҚ-ға, ПИР және нысанды пайдалануға беруді қоса алғанда іске қосу-баптау жұмыстары актіне сәйкес нысанды қайта құру, жаңғырту.

1.2.6. «Қосалқы мердігер» – арасында жасалған шарт негізінде Шарт бойынша Жұмыстардың бір бөлігін орындауға Мердігермен тартылған тұлға.

1.2.7. «Техқадағалау» – Мердігердің Жұмыстарды Шарт талаптарына сәйкес орындауына бақылау жасау үшін Тапсырыс берушімен тағайындалған тұлғаны білдіреді.

1.2.8. «Телім» – Нысанның құрылысын салу үшін немесе Жұмыстарды орындау үшін бөлінген аумақты білдіреді.

1.2.9. «Уақытша құрылыстар» – Мердігермен салынатын, орнатылатын, сондай-ақ Нысанды жөндеу және/немесе құрылысын салу аяқталғаннан кейін демонтаждалатын, Нысанды жөндеу және/немесе құрылысын салу үшін қажетті уақытша ғимараттар мен құрылыстардың барлығын білдіреді.

1.2.10. «Материалдар» – Мердігер мен Қосалқы мердігер Нысанды жөндеу және/немесе құрылысын салу үшін пайдаланатын барлық шығыс материалдарын білдіреді.

1.2.11. «Жабдық» – монтаждауға жататын техникалық жабдықты білдіреді.

1.2.12. «Қосалқы жабдық» – телімде уақытша тұрған және Нысанның құрылысын салу үшін қажет боалтын және монтаждауға жатпайтын Мердігер мен Қосалқы мердігердің барлық машиналар мен тетіктерін білдіреді.

1.2.13. «Құрылыстың ұзақтық мерзімі» – Мердігер Нысанның құрылсын аяқтауытиіс болатын мерзім.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

1.2.14. «Жұмыстар» – Шартқа сәйкес Тапсырыс берушінің мұқтаждықтарын қанағаттандыруға бағытталған, ҚР СН 1.03.-00-2022 талаптарына сәйкес заттай нәтижесі бар Мердігердің қызметі.

1.2.15. «Ілеспе Жұмыстар» – мысалы монтаждауды, іске қосуды, техникалық жәрдем көрсетуді, оқытуды және Шартта қарастырылған Мердігердің басқа да осындай міндеттерін қамтитын қосалқы Жұмыстар.

1.2.16. «Жұмыстарды орындау кестесі» – Тапсырыс берушімен және Мердігермен бекітілген, Нысандағы құрылыс жұмыстарының кестесі, соның ішінде жабдықтар мен материалдарды жеткізуді, іске қосу-баптау жұмыстарын қоса алғанда.

1.2.17. «Өзерістер» – Шартқа қолқойылғаннан кейін Тапсырыс берушімен берілген өзгерістер.

1.2.18. «Ақаулар» – Жұмстың, Материалдың, Жабдықтың Қазақстан Республикасында қолданылатын талаптарға, жобалық шешімдерге сәйкес келмеуі немесе Шарт талаптарының бұзылуымен орындалған Жұмыстардың бір бөлігі.

1.2.19. «Нормалар» – құрылыс нормалары мен ережелері (ҚНжЕ), электр қондырғыларын құру ережелері (ЭҚҚЕ), техникалық пайдалану ережелері (ТПЕ), қауіпсіздік техникасы ережелері (ҚТЕ) және Қазақстан Республикасының басқа да қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттары.

1.2.20. «Хабарлама» – Шарттың Тараптары арасында кейіннен түпнұсқасы ұсынылуы тиіс хат, жеделхат, телекс немесе факс түріндегі хабарлама. Ол жеткізілгеннен кейін немесе өзінің мазмұнында көрсетілген күшіне ену күнінен бастап, осы екі мерзімнің қайсысы кешірек болатынына байланысты, өз күшіне енеді;

2. Шарттың сомасы және ақы төлеу талаптары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығындарды қамтиды және Шарт пен Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.1.1. Шарттың жалпы сомасына мыналар кіреді, бірақ олармен шектелмейді: - құрылыс-монтаж жұмыстарының құны; - Персоналды Жұмылдыруға/Жұмылдырудан босатуға және Мердігердің Жабдықтары мен Уақытша ғимараттарын, құрылыстарын монтаждауға/бөлшектеуге жұмсалған шығындар; - Тапсырыс берушінің нысанын қажетті жабдықтармен және материалдармен жарақтандыру, инфрақұрылым нысандарын салу; - барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстарды салу құны; - ҚНжЕ-ге сәйкес жабдықтарды іске қосу-баптау жұмыстары, монтаждалған жабдықты сынау, қадағалаушы жергілікті органдармен пайдалануға рұқсатты келісу; - қоршаған ортаны қорғау бойынша шығындар, соның ішінде Жұмыс алаңын қалпына келтіру құны, Мердігердің Жұмыс алаңындағы қызметі нәтижесінде пайда болған Қалдықтарды шығаруға және кәдеге жаратуға және/немесе сақтауға/көмуге жұмсалған шығындар; - қажетті шығыс материалдарының құны; - Мердігер Персоналы мен Қосалқы мердігер Персоналының тамақтануын, тұруын, тасымалдауын ұйымдастыруға байланысты шығыстар және қажет болған жағдайда Мердігер Персоналын Жұмыс алаңынан эвакуациялау құны; - Ілеспе қызметтердің құны; - сақтандыру бойынша шығыстар; - дайын нысанды пайдалануға тапсыруға байланысты шығындар; - жұмыс комиссиясын қоса алғанда, мемлекеттік қабылдау немесе қабылдау комиссиясының актісі бойынша нысанды қабылдауға байланысты барлық шығыстар; - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдар; - Мердігердің осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға байланысты өзге де шығыстары.

2.1.2. Мердігер Шарттың жалпы сомасын ұлғайтуды талап етуге құқылы емес, соның ішінде Шарт жасасу сәтінде орындалуға жататын Жұмыстардың толық көлемін немесе ол үшін қажетті шығыстарды алдын ала көздеу мүмкіндігі болмаған жағдайда да. Егер Шартта ескерілмеген, бірақ Жұмыстарды аяқтау үшін қажетті жұмыс көлемі анықталса, Мердігер өз күшімен және мүмкіндігінше қысқа мерзімде шарт сомасын ұлғайтпай, Мердігердің күтпеген шығыстары есебінен Шартқа қосымшаларда ескерілмеген осы жұмыстарды орындайды. Кез келген жағдайда Мердігерде Тапсырыс берушіден жоғарыда көрсетілген анықталған жұмыс көлемін орындауға жұмсалған шығындарды өтеуді талап ету құқығы туындамайды.

2.1.3. Мердігердің нақты шығыстары бағаны айқындау кезінде (сметаны жасау) ескерілген шығыстардан аз болып, Мердігер алған үнемдеу орындалған Жұмыстардың сапасына теріс әсер етпеген жағдайларда, Тапсырыс беруші осындай үнемдеуді Тараптар арасында тең бөлуді талап етуге құқылы.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.3.1. Егер Шартқа №1 Қосымшамен алдын ала төлем көзделсе, онда мұндай алдын ала төлем Мердігер төлемге шотты және Шартта айқындалған авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей, Шарт бойынша аванстық төлем (алдын ала төлем) толық өтелгенге дейін қолданылатын мерзіммен жүргізіледі. Авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну жөніндегі міндеттеме, егер ол Қағидалардың 43-бабының 8-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Мердігерге қолданылмайды. Шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз етпеген жағдайда, Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші аванс төлемей жүргізеді. Мердігер аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.3.2. Аралық төлемдер Шарт бойынша Жұмыстар көлемінің тиісінше орындалғанын растайтын, Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолы қойылған Орындалған жұмыстар акті негізінде рәсімделген, ҚҚС қамтылған шот-фактураны Мердігер ұсынған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде аванстық төлемнің пропорционалды түрде ұсталуымен жасалады. Түпкілікті есеп айырысу – толық көлемде және тиісті сапада Нысанды пайдалануға беру туралы қабылдау комиссиясының акті негізінде рәсімделген, ҚҚС қамтылған шот-фактураны Мердігер ұсынған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде жүргізіледі.

2.4. Орындалған Жұмыстар, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу үшін ақы төлеу тараптар орындалған жұмыстар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Орындалған жұмыстар актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың бар көлеміне жергілікті қамту үлесінің есебі (электрондық сатып алуды қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) соңғы орындалған Жұмыстардың актісімен қоса беріледі);

2.4.2. Шот-фактуралар;

2.4.3. Орындалған құрылыс жұмыстарының құны мен шығындары туралы анықтама;

2.4.4. Нысанды пайдалануға қабылдау актісі;

2.4.5. Белгіленген нысан бойынша жөнделген, реконструкцияланған (жаңғыртылған) активтерді қабылдау-беру актісі (реконструкциялау/жаңғырту жұмыстары кезінде қолданылады);

2.4.6. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі (түпкілікті есеп айырысу кезінде ресімделеді).

2.4.7. Орындалған жұмыстар актІ.

2.5. Мердігер орындалған Жұмыстардың актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Орындалған Жұмыстар актісін (актілерін) Веб-порталда электрондық түрде қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

2.6. Шот/Шот-фактура орындалған жұмыстар актісінің негізінде жазылып беріледі және іске асыру бойынша айналым жасалған күннен ерте емес (ҚР салық заңнамасына сәйкес) және Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей ұсынылуы (күні қойылуы) тиіс.

2.7. Егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотқа толық немесе ішінара дауласа, Тапсырыс беруші бұл туралы Мердігерге дереу хабарлауы тиіс, ал Мердігер дауды Тапсырыс берушінің пайдасына шешкеннен кейін дауласпайтын бөлікке қайтадан шот ұсынуы тиіс. Тапсырыс беруші мен Мердігер даулы сомаларға қатысты барлық даулы мәселелерді дереу шешу және оларды түзету үшін барлық күш-жігерін салуы тиіс.

2.8. Кез келген шот-фактураны төлеу, төлемеу немесе оған қарсылық білдіру фактісі, кез келген дауды реттеу кезіндегі кез келген төлемдер немесе есеп айырысулар, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әрекеттердің кез келген үйлесімі Тапсырыс берушінің Мердігердің шот-фактураларын мойындауын білдірмейді. Тапсырыс беруші тарапынан кез келген төлем шотта көрсетілген кез келген негіздемені кейіннен даулау құқығын сақтай отырып жүргізіледі.

2.9. Шарттың №1 және №2 Қосымшамен көзделмеген, өндірісті ұйымдастырумен байланысты Мердігердің жұмыстарын, қызметтерін немесе қандай да бір өзге шығындарын Тапсырыс беруші төлемейді.

2.10. Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысуды жүзеге асырғанға дейін Тараптар Тапсырыс беруші ұсынатын нысан бойынша өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қояды. Мердігер өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін Тапсырыс берушіден алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күні ішінде оған қол қоюға және ұсынуға міндеттенеді.

2.11. Мердігермен есеп айырысу кезінде, Мердігер Тапсырыс берушінің Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған барлық шарттар және/немесе мәмілелер бойынша төленуге жататын соманы біржақты тәртіппен (өзара есепке алу тәртібімен) мына сомаға азайтуға құқылы екендігімен келіседі: Тапсырыс берушінің Мердігердің өз міндеттемелерін Тапсырыс беруші алдында орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін салатын айыппұл санкциялары және/немесе залалдары; - төленген аванстар; - Мердігердің Тапсырыс берушіге төлеуге жататын кез келген берешегі.

2.12. Осы Шарт бойынша жүзеге асырылатын төлемдер, ең алдымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде айқындалғандай, Мердігерге орындалған Жұмыстар үшін тиесілі төлем бойынша берешекті өтейді.

2.13. Осы Шарт бойынша ҚР-да Мердігердің атына ақша аударуға байланысты шығыстарды Тапсырыс беруші көтереді, ал ҚР-дан тыс жерлерде ақша аударуға байланысты барлық өзге де шығыстарды, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, банк-корреспонденттердің банк комиссияларын Мердігер көтереді. Мердігер Тапсырыс берушінің атына ақша аударуға байланысты барлық шығыстарды көтереді.

2.14. Тапсырыс беруші төлем пакеті құжаттарын, соның ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін тиісінше ресімдемеуге және/немесе уақтылы ұсынбауға байланысты төлемнің кешіктірілуі үшін жауапкершілік көтермейді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.15. Тапсырыс берушінің және/немесе Мердігердің заңды/іс жүзіндегі мекенжайы өзгерген жағдайда, Тараптар бұл туралы бір-біріне 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлама жіберу арқылы (Шарттың нөмірін көрсете отырып және "бухгалтерия үшін" деген ескертпемен) алдын ала хабарлайды, осындай өзгерістер күшіне енген күннен бастап, соның негізінде одан әрі өзара есеп айырысулар жүргізіледі. Егер хабарлама мерзімдерін бұзу немесе Мердігер төлем үшін заңды/нақты мекенжайды дұрыс көрсетпеу нәтижесінде төлемдер дұрыс емес деректемелер бойынша жүргізілген жағдайда, Тапсырыс беруші төлем бойынша міндеттемелерді тиісінше орындаған болып есептеледі. Бұл ретте, егер аударылған ақша Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына қайтарылса, Тапсырыс беруші алынған ақшаны Мердігерге аударуға міндетті, бұл ретте ақшаны дұрыс емес деректемелер бойынша аудару нәтижесінде пайда болған қосымша шығыстардың сомасын біржақты тәртіппен ұстап қалады.

2.16. Егер Мердігер Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, төлем осы Шартқа №15 «Төлемге шот/инвойс нысаны» Қосымшасында белгіленген нысан бойынша Мердігер ұсынған төлемге шот/инвойс негізінде (шот-фактураны ресімдемей), төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығын шегере отырып жүргізіледі. Бұл ретте, Мердігердің құқығы бар: - егер қосарланған салық салуды болдырмау және кірістер мен капиталға салынатын салықтарды төлеуден жалтаруды болдырмау мәселелерін реттейтін халықаралық шарттың ережелерінде Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған резидент еместің кірістеріне салық салудың өзге де қағидалары көзделсе, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының бюджетінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасын өз бетінше қайтаруды жүзеге асыруға; немесе - Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Мердігердің резиденттік елінде есепке алу мақсатында Қазақстан Республикасының көздерінен алынған кірістердің және ұсталған (төленген) салықтардың сомалары туралы анықтаманы салық органынан алуға. Салық агенті ретінде Тапсырыс беруші де салық органынан анықтама алуға құқылы. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде және қосарланған салық салуды болдырмау туралы қолданыстағы халықаралық шарттардың ережелерінде (бұдан әрі – Конвенция) көзделген тәртіппен, салық базасын бұзуға және пайданы салық салудан шығаруға қарсы іс-қимыл мақсатында салықтық келісімдерге қатысты шараларды орындау жөніндегі Көпжақты конвенцияны (бұдан әрі - MLI) ескере отырып, егер ол қолданылса, белгілі бір талаптар мен критерийлерді орындау негізінде Тапсырыс беруші Мердігердің кірістерін Қазақстан Республикасында салық салудан босату немесе оларға төмендетілген мөлшерлемені қолдану туралы өз бетінше шешім қабылдауға құқылы.

2.17. Тапсырыс берушінің Конвенция ережелерін MLI ескере отырып, егер ол қолданылса, қолдану мүмкіндігін қарау мақсатында Мердігер Тапсырыс берушіге келесілерге сәйкес ақпарат пен растайтын құжаттарды ұсынады: - Шарт жасасу күніне №13 «Резидент емес жұмыскерлер кепілдігінің нысаны» және №12 «Сауалнама парағы» Қосымшаларымен, сондай-ақ әрбір орындалған жұмыс актісімен; - Шарт жасасу күніне № 14 «Анкеталар» Қосымша. Бұл ретте Мердігер келесілерге сәйкес ақпарат пен растайтын құжаттарды толтырады және ұсынады: - № 14 Қосымшаға, егер резидент емес Қазақстан Республикасымен Конвенция жасасқан мемлекеттің резиденті болса, оған MLI ережелері қолданылмайды; - №14Қосымшаға, егер резидент емес Қазақстан Республикасымен Конвенция жасасқан мемлекеттің резиденті болса, оған негізгі мақсатқа міндетті тест (principal purpose test немесе қысқаша «PPT») жүргізуді көздейтін MLI ережелері қолданылады; - №14Қосымшаға, егер резидент емес Қазақстан Республикасымен Конвенция жасасқан мемлекеттің резиденті болса, оған MLI ережелері қолданылады, ол.екі міндетті тестті жүргізуді көздейді: негізгі мақсатқа тест (principal purpose test немесе қысқартылған «PPT») және салықтық жеңілдіктерді жеңілдетілген шектеу (simplified limitation of benefits немесе қысқартылған «SLOB»). Тапсырыс беруші қажет болған жағдайда Конвенция шеңберінде MLI ережелерін қолдануды ескере отырып, Шартқа №14 Қосымша көрсетілмеген қосымша құжаттарды сұратуға құқылы. Жоғарыда көрсетілген ақпарат пен растайтын құжаттар өзгерген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге жаңартылған №14 Қосымша және тиісті растайтын құжаттарды осындай жаңарту күнінен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде, бірақ төлем күнінен немесе қызметтер көрсету/жұмыстарды орындау актісі күнінен кешіктірмей, осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты ұсынуға міндетті. Қазақстан Республикасының Салық заңнамасына сәйкес Тапсырыс беруші Мердігердің ақпараты мен растайтын құжаттарының негізінде Мердігердің Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құру фактісін тексереді. Мердігердің Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құру фактісі анықталған кезде, сондай-ақ Мердігер Шартқа көрсетілген қосымшаларға сәйкес ақпарат пен растайтын құжаттарды ұсынбаған/толық ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші салықтың төмендетілген мөлшерлемесін қолдану немесе Мердігердің Қазақстан Республикасындағы кірістерін босату бөлігінде Конвенция ережелерін қолдануға құқылы емес және Мердігердің кірісін төлеу кезінде Қазақстан Республикасының Салық заңнамасына сәйкес мөлшерлеме бойынша табыс салығын ұстап қалады.

2.18. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде егер Қазақстан Республикасының резиденті емес жеке тұлғалар немесе азаматтығы жоқ тұлғалар, Мердігердің жұмыскерлері және (немесе) мердігерлері (қосалқы мердігерлері) болып табылатын, немесе Шарт шеңберінде Мердігер тартқан бірлесіп орындаушының (қосалқы мердігердің) жұмыскерлері (бұдан әрі – Жұмыскер(лер)) ағымдағы салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты болатын болып танылса (яғни, осы Шартқа қол қойылған күнтізбелік жылда аяқталатын кез келген кезекті он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында кемінде жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болса; осы Шарт қолданыста болса; орындалған жұмыстардың Акті(лері)не қол қойылса), онда осындай Жұмыскерлердің кірістері Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 656-бабына сәйкес жеке табыс салығына (бұдан әрі – ЖТС) салық салуға жататыны айқындалған. Жұмыскерлердің кірістерінен ЖТС-ны уақтылы және толық ұстап қалу үшін жауапкершілік салық агенті ретінде Тапсырыс берушіге жүктеледі. ЖТС бойынша міндеттемелер осы тармақтың келесі тармақшаларында белгіленген тәртіппен орындалады

2.18.1. Өзінің салықтық міндеттемесін орындау мақсатында Тапсырыс беруші Шарт бойынша әрбір төлем кезінде әрбір осындай төлем сомасының 80 пайызының 10 пайызынан есептелген соманы Жұмыскерлерден ЖТС төлеу есебіне ұстап қалады.

2.18.2. Мердігер Тапсырыс берушіге №18 Қосымшада көрсетілген нысан бойынша барлық Жұмыскерлер жөніндегі деректерді, осы Жұмыскерлердің төлқұжаттарының көшірмелерін (Жұмыскерлердің жеке басын куәландыратын басқа да заңнамада көзделген құжаттарды), Қазақстан Республикасының шекарасын кесіп өту туралы шекаралық бақылау-өткізу пунктінің белгілері бар және

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Жұмыскерлердің Қазақстан Республикасында болу уақытын растайтын өзге де құжаттарды қоса бере отырып, келесі мерзімдерде ақпарат ұсынады: (1) Шартқа қол қою сәтінде (ақпарат шарт жасасу жылының алдындағы жылдың 1 қаңтарынан бастап шарт жасасу күніне дейінгі деректерді қамтуы тиіс); (2) орындалған жұмыстардың әрбір Актісіне қол қою күніне (ақпарат орындалған жұмыстар Актісіне қол қою жылының алдындағы жылдың 1 қаңтарынан бастап орындалған жұмыстар Актісіне қол қою күніне дейінгі деректерді қамтуы тиіс). Көрсетілген құжаттар Тапсырыс берушіге әрбір Жұмыскердің Қазақстан Республикасының аумағында 183 (жүз сексен үш) және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) кез келген кезекті он екі айлық кезеңде, ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын, болуын/болмауын анықтау және ЖТС сомасын анықтау үшін ұсынылады.

2.18.3. Қазақстан Республикасында кемінде жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) кез келген кезекті он екі айлық кезеңде, ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын барлық Жұмыскерлер бойынша, орындалған жұмыстар Актісімен бір мезгілде мыналар ұсынылады: 1) әрбір Жұмыскермен жасалған жеке еңбек шартының (келісімшартының) және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі, Қазақстан Республикасына жіберілген; 2) Мердігердің резиденттік мемлекетінің заңнамасында көзделген, еңбек шарты және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт шеңберінде жалдамалы жұмыстан алатын Жұмыскердің кірістері туралы мәліметтерді қамтитын өзге де құжат, Мердігермен жасалған.

2.18.4. Осы Шарттың 2.18.1-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы Мердігерге 30 (отыз) жұмыс күні ішінде (толық немесе ішінара) қайтарылуы мүмкін. күндерінен бастап орындалған жұмыстардың соңғы Актісіне қол қойылған сәттен бастап, Шарттың 2.18.2 және 2.18.3 тармақшалары бойынша ұсынылған құжаттардың негізінде. Тапсырыс беруші қайтарылатын ЖТС сомасын Шарттың 2.18.5 тармақшасында көрсетілген формула бойынша, Шартты аяқтау күніне келесі шарттар бір мезгілде орындалған кезде анықтайды: (1) барлық Жұмыскерлер бойынша Шарттың 2.18.2 тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылды; (2) Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген және Қазақстан Республикасында кемінде жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) кез келген кезекті он екі айлық кезеңде, ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын, белгіленген көлемде және белгіленген мерзімде болған барлық Жұмыскерлер бойынша Шарттың 2.18.3 тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылды.

2.18.5. Қайтарылатын ЖТС сомасы келесі тәртіппен анықталады: ЖТСқайт = ЖТСұст – ЖТК10%, мұндағы ЖТСқайт — Мердігерге қайтарылуға жататын ЖТС сомасы, ЖТСұст – Шарттың 2.18.1 тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы, ЖТК – Қазақстан Республикасында 183 және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) кез келген кезекті он екі айлық кезеңде, ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын барлық Жұмыскерлердің кірістері, егер бұл кірістер Шарттың 2.18.3 тармақшасында көрсетілген құжаттармен расталса. Табыс сомасы Шарттың қолданылу мерзімі шегінде Қазақстан Республикасында болу күндерінің санына қарай анықталады.

2.18.6. Мердігер Шарттың 2.18.2 және 2.18.3 тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған кезде, сондай-ақ егер осы Шарттың 2.18.2 тармақшасы бойынша ұсынылған ақпаратқа сәйкес, Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген Жұмыскерлердің кем дегенде біреуі Қазақстан Республикасында 183 және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) кез келген кезекті он екі айлық кезеңде, ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын, болғаны анықталса, ол бойынша Шарттың 2.18.3 тармақшасы шеңберінде құжаттар ұсынылмаған болса, онда Тапсырыс берушінің Шарттың 2.18.1 тармақшасы бойынша ұстаған барлық ЖТС сомасы Мердігерге қайтаруға жатпайды және Қазақстан Республикасының бюджетіне төленеді. Мердігер осы Шарттың тармағын тиісінше орындамаған, соның ішінде дұрыс емес ақпарат ұсынған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша осыған байланысты Тапсырыс берушіде туындаған залалдарды, соның ішінде қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын өтеуге міндеттенеді.

2.19. ҚР заңнамасы салықтарға, баждарға және бюджетке төленетін өзге де төлемдерге қатысты өзгерген жағдайда, Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қою арқылы осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.20. Осы Шарттың Қазақстан Республикасының Салық кодексінің нормаларын қолдану туралы кез келген ережелеріне қарамастан, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Қазақстан Республикасының Салық кодексінде қамтылғаннан өзгеше қағидалар белгіленсе, көрсетілген шарттың қағидалары қолданылады.

2.21. Осы арқылы Мердігер «Самұрық-Қазына» АҚ-ның кредиттік тәуекелдерді басқару жөніндегі Корпоративтік стандартымен танысқанын растайды.

2.22. Мердігердің өзінің, Мердігер Персоналының, Мердігер Өкілінің, Қосалқы мердігерлердің, олардың Персоналының кінәсінен болған тоқтап қалулар немесе уақыттың артық жұмсалуы, сондай-ақ Апатты жою салдарынан туындайтын барлық шығындарды Мердігер төлейді және Тапсырыс беруші өтемейді.

3. Жұмыстарды орындау мерзімдері, шарттары және орны

3.1. Жұмыстарды орындау мерзімдері, талаптары, көлемі және орны осы Шарттың № 1, № 2 қосымшасында айқындалады.

3.2. Тапсырыс беруші жұмыстарды Шарттың № 1, № 2 қосымшасына сәйкес Орындалған жұмыстар актісіне сәйкес көлемі мен сапасы бойынша қабылдайды. Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне қол қойған күн жұмыстарды орындау күні болып есептеледі.

3.3. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау басталғанға дейін Мердігер Тапсырыс берушіден өзі және өзінің қосалқы мердігерлері үшін Жұмыстарды жүргізуге Тапсырыс берушінің аумағына Рұқсат-наряд алуға міндетті.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.4. Рұқсат-наряд алу үшін Мердігер осы Шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде техникалық спецификацияның талаптарына сәйкес Мердігердің/қосалқы мердігердің Шарт бойынша барлық талаптарға жабдықталғанын куәландыратын барлық растайтын құжаттарды, соның ішінде құрылтай құжаттарының және жұмыскерлердің біліктілігін, рұқсат беру құжаттарын, лицензияларды, сертификаттарды растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады. орындалатын Жұмыстарға, шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттарды және Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін талап етілетін өзге де рұқсат беру құжаттарын, соның ішінде (қажет болған жағдайда) Мердігердің жабдықталуының Шарт бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру үшін Тапсырыс берушінің Мердігердің өндірістік базасына кіруін ұсынады. Құжаттарды ұсынбаған және/немесе Тапсырыс беруші қарау қорытындылары бойынша мәлімделген жабдықталуды растамаған кезде, Тапсырыс берушінің жазбаша жауабымен Рұқсат-нарядта сәйкессіздік жойылғанға дейін Мердігерге бас тартылады, бұл ретте Мердігер Шарт талаптарына сәйкес міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапты болады. Тапсырыс беруші сондай-ақ осы Шарттың 8.2.2-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

3.5. Жұмыстардың басталу күні осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын күнтізбелік кестеде айқындалады.

3.6. Жұмыстар басталғанға дейін құрылыс алаңында Нысанның атауы, Тапсырыс берушінің, Мердігердің атауы, Нысан бойынша жауапты жұмыс өндірушінің тегі, лауазымы және телефоны көрсетілген ақпараттық қалқандар орнатылуы тиіс.

3.7. Мердігер Жұмыстарды бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес орындайды, бұл кезде ол Тапсырыс берушіге жұмыс алаңына жеткізілетін материал, жабдықтар мен аксессуарлар сапасын сынау нәтижелерінің сертификаттарын және/немесе хаттамаларын және олардың Нормаларға сәйкес келетінін растайтын деректермен бірге ұсынады. Жабдықтың, материал және аксессуардың маркасы, түрі өзгерген кезде, Мердігер өзара ауыстырылатын жабдықты, материалды қолдануға дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушімен және жобаның авторымен техникалық шешім түрінде келістіріп алуы тиіс.

3.8. Жұмыс алаңында Мердігер Жұмыстардың басталу сәтінен бастап, олардың аяқталуына дейін Жұмыстарды жасау журналын жүргізеді, ол Нысанды қолданысқа тапсыру кезінде қабылдау комиссиясына ұсынылатын жұмыстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылады.

3.9. Тапсырыс берушінің өкілі кез-келген Жұмыстарға және кез-келген уақытта жұмыс алаңының барлық бөлігі бойынша барлық Жұмыстар кезеңінде еркін кіре алуы тиіс. Мердігер жұмыс уақытынан кейін кіруі үшін алдын-ала ескерту қажет.

3.10. Мердігердің міндеттеріне Нормаларға сәйкес жұмыс өндірісі жобасын әзірлеу және қолдану кіреді.

3.11. Мердігер Жобалау-сметалық құжаттаманың және нормативтік-техникалық құжаттаманың құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасына қойылатын талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

3.12. Мердігер Нормалармен, Жобалау-сметалық құжаттамамен және/немесе Шартпен белгіленген тәртіппен және құрамда Жасырын жұмыстарды куәландыруды, жауапты конструкциялар мен жабдықтарды аралық қабылдауды орындауды және құжаттауды қамтамасыз етеді.

3.13. Мердігер Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерінің барлығын немесе бір бөлігін басқаға беруге құқылы емес.

3.14. Тапсырыс берушінің іс-әрекеттерімен байланысты емес, Жұмыстарды орындаудың кездейсоқ мүмкін еместігі қаупін оларды Тапсырыс берушіге тапсырғанға дейін Мердігер көтереді.

3.15. Жұмыстардың қымбаттау қаупін, осындай қымбаттаудың себебіне қарамастан, Мердігер көтереді.

3.16. Құрылыс-монтаж жұмыстары Мердігермен «дайын күйінде» жүзеге асырылатындықтан, Жұмыстарды орындаумен байланысты барлық өзге де құрылыс тәуекелдерін де Мердігер көтереді.

3.17. Осы Шартта міндеттемелер, жауапкершілік және Мердігердің кепілдіктері бөлігінде белгіленген шарттар, егер өзгеше көзделмесе немесе Шарт талаптарынан туындамаса, Қосалқы мердігерге тең дәрежеде қолданылады. Мердігер Тапсырыс беруші алдында Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға Мердігер тартқан өзінің қосалқы мердігерлерінің кез келген іс-әрекеттері, әрекетсіздігі үшін жауапты болады. Мердігер Тапсырыс берушіні Мердігердің қосалқы мердігерлері алдындағы кез келген жауапкершіліктен, сондай-ақ Мердігердің қосалқы мердігерлерінің Жұмыстарды орындауы салдарынан туындайтын үшінші тұлғалар алдындағы кез келген жауапкершіліктен қорғайды және босатады.

3.18. Тапсырыс беруші тарапынан мониторинг жүргізу мақсатында, Қосалқы мердігерлерді Жұмыстарды орындауға тарту кезінде, Мердігер Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша оған Қосалқы мердігерлік шарттарының, Қосалқы мердігерлікке және Жұмыстарға байланысты өзге де құжаттар мен ақпараттың көшірмелерін ұсынуға міндеттенеді. Мердігердің жоғарыда көрсетілген құжаттарды ұсынудан бас тартуы, сондай-ақ дұрыс емес мәліметтерді қамтитын жоғарыда көрсетілген құжаттарды ұсынуы Тараптармен Мердігердің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы деп танылады және Тапсырыс берушінің біржақты тәртіппен бұзу құқығының туындауына негіз болып табылады.

3.19. Тапсырыс беруші Мердігер ұсынған құжаттардың көшірмелерінің дұрыстығына күмән келтіретін жағдайлар туындаған кезде кез келген уақытта 3.15-тармақта көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын Мердігерден талап етуге құқылы. Тапсырыс берушінің талабы түскен кезде, Мердігер Тапсырыс беруші сұратқан құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.20. Мердігердің мәртебесі және Жұмыстарға қойылатын талаптар.

3.20.1. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде Мердігер Жұмыстарды орындау процесін бақылау және басқару құқығымен тәуелсіз мердігер ретінде әрекет етеді және Жұмыстардың нәтижелері үшін және Тапсырыс беруші ұсынатын Жобалау-сметалық құжаттаманың негізінде, сондай-ақ Тапсырыс берушінің (олар болған кезде) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, осы Шарт шеңберінде жекелеген жұмыс түрлерін орындаудың тәртібін, тәсілдерін және әдістерін реттейтін, қауіпсіздік техникасы, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес орындалатын Жұмыстардың тәртібі мен кезектілігін қамтамасыз ету үшін жауапты болады. Осындай ішкі нормативтік құжаттар болған кезде, Тапсырыс беруші оларды Шарт бойынша Жұмыстарды орындау басталғанға дейін Мердігерге ұсынуы тиіс.

3.20.2. Мердігер осы Шарт бойынша Жұмыстарды «дайын күйінде» орындайды.

3.20.3. Мердігер Жұмыстар үшін Тапсырыс берушімен және мемлекеттік органдармен тиісінше келісілген және қажетті сараптамалардан өткен Жобалау-сметалық құжаттаманы пайдаланады.

3.20.4. Мердігер жобалау-сметалық құжаттамада және техникалық спецификацияда көрсетілген барлық Жұмыстарды орындауы тиіс. Жобалау-сметалық құжаттаманың талаптары мен Шартқа қоса берілетін Техникалық спецификацияда көзделген Жұмыстарға қойылатын талаптар арасында қайшылықтар болған жағдайда, Мердігер Жұмыстарды жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген Жұмыстарға қойылатын талаптарға қатаң сәйкестікте орындайды.

3.20.5. Жасырын жұмыс түрлерін орындау және қабылдау тәртібі заңнамамен айқындалады. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша орындалған Жұмыстарды қабылдауы Мердігер Шарт бойынша орындалатын Жұмыстар үшін көзделген атқарушы-техникалық құжаттаманың барлық пакетін ұсынғаннан кейін жүзеге асырылады.

3.20.6. Тапсырыс берушіде орындалатын Жұмыстарды қадағалау және тексеру мақсатында кіру, бақылау және инспекциялау құқығы сақталады, және Тапсырыс беруші орындалатын Жұмыстардың барысын кез келген тәртіппен, кез келген уақытта және өз қалауы бойынша, Тапсырыс берушінің жұмыскерлерін тарту жолымен немесе өзге де түрде инспекциялауға құқылы, сондай-ақ орындалатын Жұмыстардың Шарт талаптарына сәйкестігін анықтау үшін кез келген уақытта Мердігердің Материалдары мен Жабдықтарына қол жеткізе алады.

3.20.7. Егер Мердігер орындайтын Жұмыстардың көлемі Шарт талаптарына сәйкес келмесе немесе оның талаптарына сәйкес орындалмаса, Тапсырыс беруші бұл туралы Мердігерге тиісті журналда Шарт бойынша Жұмыстарды орындау шартының бұзылуын көрсете отырып хабарлайды, ал Мердігер Жұмыстардағы ақаулар мен кемшіліктерді Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде жояды және Жұмыстардың талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

3.20.8. Тапсырыс беруші Өкілінің қатысуы, сондай-ақ Тапсырыс беруші тарапынан инспекциялар мен бақылау Мердігерді Шарт бойынша оның міндеттемелері мен жауапкершілігінен босатпайды.

3.20.9. Мердігер немесе Мердігер Персоналы, Мердігер Өкілі, Қосалқы мердігерлер Тапсырыс беруші үшін қандай да бір міндеттемелер қабылдауға, сондай-ақ Жұмыстарды орындау барысында Тапсырыс берушінің жұмыскері және өкілі ретінде әрекет етуге құқылы емес.

3.20.10. Мердігер Шарт бойынша барлық міндеттемелерді өз есебінен және өз қаражатымен (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, Мердігер Персоналына, материалдарға, жабдықтарға, машиналарға, механизмдерге қатысты жалақыны, сыйлықақыларды, сақтандыруды және кез келген сипаттағы әлеуметтік төлемдерді төлеуді), Шарт пен заңнаманы тиісінше сақтай отырып, өз тәуекелі мен жауапкершілігімен орындайды.

3.20.11. Барлық қазба байлықтар, монеталар мен құнды заттар, сондай-ақ антиквариат заттары, құрылыстар және геология немесе археология тұрғысынан қызығушылық тудыратын өзге де қалдықтар немесе заттар, Жұмыс алаңында табылған, (тараптар арасындағы қатынастарда) Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады. Мердігер жоғарыда аталған заттардың немесе нәрселердің кез келгенін оның персоналы, жұмысшылары немесе кез келген басқа тұлғалар тарапынан алып тасталуын немесе зақымдалуын болдырмау үшін ақылға қонымды сақтық шараларын қабылдауға міндетті. Осындай затты немесе нәрсені тапқан кезде, Мердігер бұл туралы Тапсырыс берушіге дереу хабарлауға міндетті, ол осы жағдайда Мердігерге қалай әрекет ету керектігі туралы нұсқаулар бере алады.

3.20.12. Мердігер өзінің Қосалқы мердігерлерінің, олардың Персоналы мен өкілдерінің кез келген іс-әрекеттері немесе әрекетсіздіктері үшін, егер мұндай іс-әрекеттер немесе әрекетсіздіктер Мердігердің өзі жасағандай болса, толық көлемде жауапты болады. Кез келген Қосалқы мердігерлік шарты Шарттың ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

3.20.13. Мердігер өз міндеттемелерін Шарттың ережелері мен талаптарына, Тапсырыс берушінің нұсқауларына, Жобалау-сметалық құжаттамаға, техникалық спецификацияға және Күнтізбелік кестеге сәйкес, Жұмыстарды жүргізудің қауіпсіз тәртібін сақтай отырып, тиісті ыждаһаттылықпен және мұқияттылықпен, негізсіз кідірістерсіз және Жұмыстарды тоқтатпай орындауға міндеттенеді. Күнтізбелік кестедегі, жұмыс өндірісінің ұйымдастырылуындағы немесе әдістеріндегі кез келген өзгерістер Тапсырыс берушімен жазбаша келісілуі тиіс.

3.20.14. Бір Жұмыс алаңында әртүрлі мердігерлермен әртүрлі шарттар шеңберінде жұмыстарды параллель орындау қажет болған жағдайда, Мердігер басқа мердігерлердің жұмыстарын орындауына кедергі келтіретін ешқандай әрекеттер жасамауға міндеттенеді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Әртүрлі мердігерлермен жұмыстарды параллель орындауға байланысты барлық даулы мәселелер және әртүрлі шарттар шеңберінде жұмыстарды жүзеге асыру тәртібін айқындау Мердігермен Тапсырыс берушінің Өкілімен, Тапсырыс берушіге қабылданған шешім туралы міндетті түрде хабарлай отырып шешіледі. Өзара әрекеттесу тәртібін Тапсырыс беруші айқындайды.

3.21. Мердігердің материалдары, жабдықтары және персоналы.

3.21.1. Мердігер өз есебінен Мердігердің Инструменттік материалдары мен жабдықтарын, оған қосалқы бөлшектерді, басқа да материалдарды ұсынады және оны Жұмысты орындау кезінде әрдайым жұмысқа жарамды күйде ұстауға міндеттенеді, егер олар заңнама талаптарына сәйкес сертификатталған болса.

3.21.2. Мердігердің Жұмыстарды орындау үшін пайдаланатын Инструменттік материалдары мен жабдықтары, оған қосалқы бөлшектері, қорлары және басқа да материалдары осы Шарттың талаптарына сәйкес келуі және Жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі талаптарына жауап беруі тиіс.

3.21.3. Инструменттік материалдар мен жабдықтарды жөндеу, жаңғырту, техникалық қызмет көрсету және ауыстыру Мердігермен өз есебінен ұйымдастырылады. Мердігер үздіксіз, тиімді және қауіпсіз Жұмыс жүргізу үшін қажетті Инструменттік материалдар мен жабдықтардың, жабдыққа қосалқы бөлшектердің жеткілікті санын ұстап тұруға жауапты болады.

3.21.4. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Мердігер Инструменттік материалдардың үлгілерін ұсынуға, Тараптар келіскен тәртіппен Инструменттік жабдықтың жұмысын көрсетуді қамтамасыз етуге міндетті.

3.21.5. Тапсырыс беруші және/немесе Тапсырыс берушінің Өкілі Мердігердің Инструменттік материалдары мен жабдықтарын тексеруді жүзеге асыруға, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талабы бойынша сынақтарға немесе техникалық тексерулерге, қауіпсіздік тексерулеріне, сапа тексерулеріне немесе өзге де тексерулерге қатысуға құқылы болуы тиіс.

3.21.6. Монтаждалатын жабдықтар, материалдар мен Мердігердің қызметтері Мердігермен өз есебінен сатып алынады немесе жүзеге асырылады.

3.21.7. Шарт бойынша Жұмыстарды тиісінше орындау үшін қажетті Монтаждалатын жабдықтардың, Мердігердің материалдарының тізбесі Жобалау-сметалық құжаттамамен айқындалады.

3.21.8. Бұл ретте, Мердігер Тапсырыс берушімен сапалық сипаттамаларды алдын ала келісуге, Тапсырыс берушіге сапаны растайтын сертификаттарды, паспорттарды, өзге де құжаттарды беруге және тиісті жабдықты, материалдарды жеткізуге, тиісті қызметтер көрсетуге шарттар жасасқанға дейін мердігердің монтаждалатын жабдықты, материалдарды сатып алуға жоспарланатын объектіде пайдалану үшін жарамдылығын айқындауға мүмкіндік беретін міндеттенеді. Сапаны, үйлесімділікті, жобалық шешімдердің сақталуын, сондай-ақ сатып алынатын жабдықтың және/немесе материалдардың нарықтық құнының сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында мердігер дайындаушы зауыттардың, олардың ресми жеткізушілерінің не мердігер жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес жабдықты және/немесе материалдарды сатып алуға тиіс ресми дилерлердің тізбесін Тапсырыс берушімен алдын ала келісуге міндетті. Мердігердің жабдықты және/немесе материалдарды Тапсырыс берушімен келісілген дайындаушы зауыттардан, олардың ресми жеткізушілерінен не ресми дилерлерден сатып алудан бас тартуына (ауытқуына) жабдықтың және/немесе материалдардың жобалау-сметалық құжаттаманың және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес остігін куәландыратын құжаттамалық расталған мән-жайлар болған кезде ғана (Тапсырыс берушіні міндетті түрде хабардар еткен кезде) жол беріледі. Тапсырыс беруші алдындағы сапа, жинақтылық, жеткізу мерзімі, монтаждау, кепілдік қызмет көрсету және жауапкершілік бойынша барлық міндеттемелер мердігерде толық көлемде сақталады. Сатып алуды ұйымдастыруға, логистикаға, дайындаушы зауытпен, оның ресми жеткізушісімен не ресми дилерімен өзара іс-қимылға және өзге де міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге байланысты тәуекелдерді мердігер көтереді.

3.21.9. Мердігер сатып алатын Монтаждалатын жабдықтар, материалдар жаңа, жұмысқа жарамды, толық жинақталған, Нормалардың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

3.21.10. Мердігер жеткізетін жабдықтар, техникалық құрылғылар, материалдар сәйкестік сертификаттарына және Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсатқа ие болуы тиіс.

3.21.11. Мердігер Тапсырыс берушіге Жұмыстарды орындау кезінде орналастырылған бағалары көрсетілген жабдықтар мен материалдарды жеткізуге барлық тапсырыстардың көшірмелерін ұсынады.

3.21.12. Мердігер Тапсырыс берушіге жабдықтардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың тексеруге және/немесе сынауға дайындығы туралы осындай тексеру және/немесе сынау басталғанға дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабарлайды. Тапсырыс беруші дайындаушы зауытта инспекция жүргізуге қатысу үшін өз өкілдерін жіберуі тиіс, бұл ретте Мердігер Тапсырыс беруші өкілдерінің қатысуын өз қаражаты есебінен қамтамасыз етеді.

3.21.13. Тапсырыс беруші өкілінің Мердігердің тексеруін және/немесе сынауын жүргізу кезінде қатысуы Мердігерді жабдықтардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың сандық және сапалық көрсеткіштерін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерден босатпайды.

3.21.14. Мердігер Мердігердің және Қосалқы мердігерлердің Инструменттік және Монтаждалатын жабдықтарына, соның ішінде,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

бірақ олармен шектелмей, машиналарға, техникаға, аспаптарға келтірілген залал үшін дербес жауапты болады.

3.21.15. Тапсырыс беруші мұндай залал үшін жауапты болмайды, егер ол Тапсырыс берушінің, Тапсырыс беруші Өкілдерінің, Тапсырыс беруші Персоналының кінәсінен келтірілмесе, егер мұндай кінә дәлелденсе.

3.21.16. Мердігер Жұмыстарды орындау кезінде Персоналдың мәлімделген біліктілік деңгейін қамтамасыз етуге міндетті.

3.21.17. Тартылған қызметкерлердің Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету;

3.21.18. Тапсырыс беруші Жұмыстарды орындайтын Мердігер Персоналының Мердігер Тапсырыс берушіге ұсынған мәліметтерге сәйкестігін, Мердігер мәлімдеген тұлғалардың нақты жұмыс істейтін тұлғаларға сәйкестігі бөлігінде де, сондай-ақ Мердігер Персоналының нақты құзыреттерінің, біліктілігінің, дағдылары мен тәжірибесінің Мердігер мәлімдеген мәліметтерге сәйкестігі бөлігінде де бақылауға құқылы.

3.21.19. Тапсырыс беруші Мердігердің мәлімделген Персоналының нақты жұмыс істейтін Персоналға сәйкессіздігін, сондай-ақ Мердігер Персоналының нақты құзыреттерінің, біліктілігінің, дағдылары мен тәжірибесінің Мердігер мәлімдеген мәліметтерге сәйкессіздігін анықтаған жағдайда, Тапсырыс беруші Жұмыстарды тоқтата тұруға және Мердігерден Персоналды мәлімделген Мердігерге сәйкес келетін немесе мәлімделгенмен салыстырғанда тең немесе одан да жоғары құзыреттілік, біліктілік, дағдылар мен тәжірибе деңгейіне ие Персоналға ауыстыруды талап етуге құқылы. Жұмыстарды тоқтатқан жағдайда, Мердігер жауапты болады, осы Шарт шеңберінде Тапсырыс беруші шеккен барлық шығыстар, шығындар, залалдар және өзге де шығындар, сондай-ақ осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға байланысты, ... кінәсінен келтірілген. Мердігер/Қосалқы мердігерлердің кінәсінен, соның ішінде Жұмыстарды тоқтату, Мердігер Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді.

3.21.20. Мердігер өз Персоналы үшін толық жауапкершілік көтереді, осыған байланысты туындайтын барлық мәселелерді өз бетінше ресімдейді және Тапсырыс берушіні өз Мердігер Персоналына қатысты және оның іс-әрекеттерімен/әрекетсіздігімен байланысты барлық наразылықтардан, шағымдардан және міндеттемелерден босатады.

3.21.21. Тапсырыс беруші Мердігерден Мердігер Персоналын ауыстыруды талап етуге құқылы, егер Персонал нормалардың, заңнаманың және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарының (олар болған кезде) талаптарын бұзса, Шарт бойынша Жұмыстарды орындау тәртібін, тәсілдерін және әдістерін реттейтін, сондай-ақ Шарт талаптарын бұзса.

3.21.22. Мердігер Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін шетелдік жұмыс күшін тартқан жағдайда, Мердігер өз күшімен және қаражатымен заңнама талаптарына сәйкес шетелдік жұмыс күшін тартуға барлық қажетті рұқсат беру құжаттарын алуды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3.21.23. Мердігер Тапсырыс берушіні заңнама талаптарын бұза отырып, Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін шетелдік жұмыс күшін тартумен байланысты кез келген жауапкершіліктен қорғауға міндеттенеді.

3.21.24. Мердігер өз есебінен Мердігер Персоналын жазатайым оқиғалардан сақтандыруды жүзеге асыруға, Апаттар, техногендік апаттар туындаған жағдайда Мердігер Персоналын Жұмыс алаңынан дереу медициналық эвакуациялауды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес зардап шеккен Мердігер Персоналының медициналық мекемелерде денсаулығын одан әрі емдеуге, қалпына келтіруге міндеттенеді.

3.21.25. Мердігер Қазақстан Республикасында төленуге жататын барлық төлемдерді, салықтарды және басқа да алымдарды қоса алғанда, өз Персоналына қатысты барлық шығыстарды өз бетінше өтейді.

3.21.26. Мердігер өз күшімен және өз есебінен Құрылыс Нысанында жұмыс істейтін барлық Мердігер Персоналы үшін қажетті тұрғын үй және тұрмыстық үй-жайларды ұсынуға міндетті, Мердігерге Персоналды Құрылыс Нысанында орналастыруға тыйым салынады.

3.21.27. Мердігер жауапкершілік көтереді және Тапсырыс берушіні, егер бұл Тапсырыс берушінің кінәсінен болмаса, егер мұндай кінә дәлелденсе, келесілерге байланысты барлық наразылықтардан, залалдардан, шығындардан (соның ішінде сот шығындарын), шығыстардан және міндеттемелерден қорғауға міндеттенеді: а) Шарт шеңберінде немесе оны орындауға байланысты Мердігер мен Тапсырыс беруші ұсынатын мүліктің жоғалуы немесе зақымдануы; б) Мердігер Персоналының Жұмыс жүргізу учаскесінде болған кезеңде алған дене жарақаттарын, өлімін және ауруын қоса алғанда, жарақаттары; в) Үшінші тұлғаның кез келген меншігінің жоғалуы немесе зақымдануы, тұлғалардың дене жарақаттарын, өлімін немесе ауруын қоса алғанда, жарақаттары.

3.21.28. Тапсырыс беруші, егер бұл Тапсырыс берушінің кінәсінен болса және егер мұндай кінә дәлелденсе, жауапкершілік көтереді және Мердігерді және/немесе оның Қосалқы мердігерін келесілерге байланысты барлық наразылықтардан, залалдардан, шығындардан (соның ішінде сот шығындарын), шығыстардан және міндеттемелерден қорғауға міндеттенеді: а) Жұмыс алаңында орналасқан, меншік құқығында оған тиесілі, Шарт шеңберінде немесе оны орындауға байланысты Тапсырыс берушімен жалданатын немесе өзге де түрде ұсынылатын Тапсырыс берушінің меншігінің жоғалуы немесе зақымдануы; б) Шарт шеңберінде немесе оны орындауға байланысты Тапсырыс беруші Өкілдерінің дене жарақаттарын, өлімін және ауруын қоса алғанда, жарақаты; в) Үшінші тұлғаның кез келген меншігінің жоғалуы немесе зақымдануы, Үшінші тұлғалардың дене жарақаттарын, өлімін немесе ауруын қоса алғанда, жарақаттары.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.21.29. Мердігер Тапсырыс берушінің Материалдары мен Жабдықтарының сақталуы мен тиісінше пайдаланылуына жауапты болады.

3.21.30. Мердігер Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында барлық орындалатын Жұмыстар үшін, Нормалар мен Жобалау-сметалық құжаттама талаптарын сақтамау нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар үшін толық жауапкершілік көтереді және Мердігер мен оның Қосалқы мердігерлері қатысқан барлық ықтимал оқиғалар үшін Тапсырыс берушіні жауапкершіліктен қорғайды.

3.21.31. Мердігер Шарт бойынша барлық немесе бір бөлігі міндеттемелерді орындаудан бас тартқан жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың 7-тармағына сәйкес айыппұл төлейді.

3.21.32. Осы Шарт шеңберінде Тапсырыс беруші шеккен барлық шығыстар, шығындар, залалдар және өзге де шығындар, сондай-ақ Мердігер/Қосалқы мердігерлердің кінәсінен, соның ішінде Жұмыстарды тоқтату, осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға байланысты, Мердігер Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді.

3.21.33. Мердігер жауапкершілікті көтереді, Тапсырыс берушіні жауапкершіліктен босатады, оны қорғайды, залалды өтейді және Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға байланысты туындайтын зияткерлік құқықтардың бұзылуымен немесе болжамды бұзылуымен байланысты туындайтын барлық іс-әрекеттерден, наразылықтардан, талаптардан, жоғалтулардан, залалдардан, шығындардан, шығыстардан және міндеттемелерден Тапсырыс берушіні жауапкершілікке тартпауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ кез келген патенттік құқықты, тіркелген жобаға құқықты, авторлық құқықты, сауда маркасын немесе кез келген басқа зияткерлік меншік құқығын бұзуға байланысты қойылатын талаптар бойынша барлық шығындарды Тапсырыс берушіге өтеуге міндетті.

3.21.34. Тапсырыс берушінің Мердігердің осы Шартты бұзуы немесе Тапсырыс берушінің шот-фактураларды төлеуі кезінде осы Шартта көзделген құқықтық қорғау құралдарының барлығын немесе кез келгенін пайдаланбауы Тапсырыс берушінің Мердігердің осы Шартты кез келген бұзуын мойындаудан бас тартуын немесе Мердігерге қатысты осы Шартты бұзғаны үшін талаптарға қарсылық білдіруден бас тартуын білдірмейді.

3.21.35. Мердігер/қосалқы мердігер сметалық, жоба алдындағы, жобалық (жобалау-сметалық) құжаттамаға сәйкес құрылыс кезінде монтаждауға, салынып жатқан нысанды жабдықтауға және (немесе) тұтынуға жататын тауарларды сатып алынатын тауарды өндірушілерден және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуға міндеттенеді, сатып алулардың Веб-порталында ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде. Мердігер/қосалқы мердігер тендер қорытындылары бойынша Тапсырыс берушімен сатып алу туралы Шарт жасасу күніне дейінгі мерзімде сметалық, жоба алдындағы, жобалық (жобалау-сметалық) құжаттаманың талаптарына тауардың бағасы мен сипаттамаларының сәйкестігі тұрғысынан коммерциялық ұсыныстарды қарайды. Тауардың бағасы мен сипаттамалары жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда Мердігер тендер қорытындыларын шығару күніне ең төменгі бағаны ұсынған, сатып алынатын тауарды өндірушімен және/немесе сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйыммен шарт жасасуы тиіс. Бұл ретте, тендер қорытындылары шығарылғаннан кейін коммерциялық ұсыныстарды беру жағдайында Мердігер коммерциялық ұсыныс берілген сәтте ұсынылатын тауарларды жеткізуге шарттың болуын, сондай-ақ тауардың бағасы мен сипаттамаларының сметалық, жоба алдындағы, жобалық (жобалау-сметалық) құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеуін қоспағанда, осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылмайды. Осы тармақтың нормасын орындамаған жағдайда, Мердігер Шарттың 7.2.1-тармағында көзделген айыппұл түрінде міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады. Осы тармақта көзделген міндеттемені Мердігердің орындағанын растау, Тараптардың тиісті (түпкілікті) Орындалған жұмыстар актісіне қол қою күніне дейін Мердігердің сатып алынатын тауарларды өндіруші(лер)ден/ұйым(дар)дан, сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі Жобаны іске асыратын, тауарларды сатып алу туралы шарт(тар)ының көшірме(лері)н, тауарларды қабылдау-беру актілерін ұсынуы болып табылады.

3.21.36. Егер Шарттың нысанына тауарларды сатып алу Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен (бұдан әрі - ҰКП) келісу бойынша Қордың сатып алу жөніндегі Операторы бекіткен, орындау кезінде тауарларды сатып алу тауар өндірушілерден жүзеге асырылатын жұмыстар мен қызметтер тізбесінен жұмыстар кірсе, Мердігер тиісті тізбеге енгізілген жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауарды өндірушілерден және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуға міндетті. Жұмыс шеңберінде тауар өндірушілерден сатып алынатын тауарлардың тізбесін Қордың сатып алу жөніндегі Операторы ҰКП-мен келісу бойынша бекітеді. Осы тармақтың нормасын орындамаған жағдайда, Мердігер міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады, ол Мердігермен төленуі тиіс немесе Тараптардың тиісті (түпкілікті) Орындалған жұмыстар актісіне қол қойғанға дейін Тапсырыс берушімен ұсталуы мүмкін. Осы тармақта көзделген міндеттемені Мердігердің орындағанын растау, Тараптардың тиісті (түпкілікті) Орындалған жұмыстар актісіне қол қою күніне дейін Мердігердің сатып алынатын тауарларды өндіруші(лер)ден/ұйым(дар)дан, сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі Жобаны іске асыратын, тауарларды сатып алу туралы шарт(тар)ының көшірме(лері)н, тауарларды қабылдау-беру актілерін ұсынуы болып табылады. Мердігер тауардың бағасы, сипаттамалары және жеткізу мерзімдері Мердігердің Шарт талаптарымен шартталған талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Бағаның Мердігердің талаптарына сәйкес келмеуі жағдайында, Мердігер Тапсырыс берушіге құны тауар өндіруші/ұйым ұсынған тауар(лар)дың бағасынан төмен болатын тауар(лар)ды сатып алу туралы шарт(тар)ының және қабылдау-беру акті(лері)нің көшірме(лері)н ұсынады, ол жаңа өндірістерді құру жөніндегі Жобаны іске асырады.

3.22. Тапсырыс берушінің материалдары мен жабдықтары.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.22.1. Тапсырыс беруші Мердігерге Тапсырыс берушінің қоймаларында бар Тапсырыс берушінің Материалдары мен Жабдықтарын беруге құқылы.

3.22.2. Тапсырыс берушінің Материалдары мен Жабдықтарын Мердігерге беру Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жеке шарт жасасу жолымен жүзеге асырылады.

3.22.3. Мердігер Тапсырыс берушінің Жабдықтары мен Материалдарына келтірілген кез келген залалды толық көлемде өтеуге міндеттенеді, барлық жағдайларда, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей: а) тиісінше пайдаланбау; б) материалдарды жұмсаудың жоспарланған көлемдерін негізсіз асыру; в) жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтардың талаптарын бұзу; г) жабдықтар мен материалдарды бүлдіру, ұрлау, егер бұл залал Тапсырыс берушінің, оның Өкілдерінің немесе Персоналының кінәсінен келтірілмесе, егер мұндай кінә дәлелденсе, немесе ол осы Шарттың 12-бөлімінде баяндалған себептерден туындаса. Кез келген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің Жабдықтары мен Материалдарының сақталуын қамтамасыз ету үшін барынша мүмкін күш-жігерді салуға міндеттенеді.

3.23. Тараптардың өкілдері

3.23.1. Мердігер Жұмыстарды бастау күніне дейін осы Шартқа сәйкес орындалатын Жұмыстарға жауапты, Жұмыс алаңындағы Мердігердің өкілі, Мердігердің жұмысын басқару және Мердігер мен Тапсырыс беруші арасында Шартқа сәйкес Жұмыстарға қатысты туындайтын барлық ағымдағы мәселелерді шешу бойынша барлық өкілеттіктерге ие Мердігердің Өкілін тағайындайды.

3.23.2. Мердігер Жұмыстарды бастау күніне дейін Тапсырыс берушімен жобаның Бас инженерін, сондай-ақ Мердігердің басқа да өкілдерін тағайындауды/ауыстыруды келісуге міндетті.

3.23.3. Тапсырыс беруші Жұмыстарды бастау күніне дейін Мердігер мен Тапсырыс беруші арасында осы Шартқа сәйкес Жұмыстарды орындауға қатысты туындайтын барлық ағымдағы мәселелерді шешу бойынша барлық өкілеттіктерге ие Тапсырыс берушінің Өкілін тағайындайды. Тапсырыс беруші осы Шарттың мақсаттары үшін ақылға қонымды қажетті болатын Тапсырыс беруші Өкілдерінің кез келген санын тағайындауға құқылы. Тапсырыс беруші Мердігерге Тапсырыс берушінің барлық Өкілдерін тағайындау/ауыстыру туралы хабарлайды.

3.23.4. Тапсырыс беруші мен Мердігердің Өкілдері осы Шарттың қандай да бір талаптарына немесе ережелеріне қатысты қандай да бір өзгерістерді немесе толықтыруларды қабылдауға, не Тараптардың осы Шартта көзделген қандай да бір құқықтарынан, міндеттемелерінен бас тартуды бекітуге өкілеттігі жоқ. Мұндай өзгерістер тек Қағидаларға сәйкес жүргізілуі мүмкін және Тараптар қол қойған осы Шартқа Қосымша келісіммен ресімделуі тиіс.

3.23.5. Тапсырыс берушінің Өкілі Жұмыстарды жүргізу бойынша күнделікті есептерді, сондай-ақ осы Шартқа сәйкес орындалатын Жұмыстарға қатысты кез келген басқа ақпарат пен есептерді алуға құқылы. Тапсырыс берушінің Өкілі кез келген уақытта Мердігер жүргізетін Жұмыстардың барысын бақылауға, сондай-ақ олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға және Мердігер орындайтын Жұмыс алаңы мен Жұмыстарды инспекциялауға құқылы.

3.23.6. Тапсырыс берушінің Өкілі Шарт ережелеріне сәйкес Тапсырыс берушінің қаражатын мақсатты және ұтымды пайдалануын бақылауды жүзеге асырады.

3.23.7. Тапсырыс берушінің Өкілі Мердігердің (Мердігер Өкілінің) Жобалау-сметалық құжаттамамен құрылыстың қамтамасыз етілуі және олардың сапасы, сондай-ақ Жұмыстардың сапасын бақылау және қабылдау мәселелері бойынша наразылықтарын қарайды. Тапсырыс берушінің Өкілі осы наразылықтар бойынша шешімдер қабылдайды немесе Тапсырыс берушінің шешім қабылдауы үшін өз ұсыныстарын енгізеді.

3.23.8. Тапсырыс берушінің Өкілі Мердігер осы Шарттың талаптарын, Нормалардың және осы Шарт шеңберіндегі сол немесе өзге жұмыс түрлерін орындауды реттейтін заңнаманың талаптарын бұзған жағдайда Жұмыстарды тоқтата тұру мүмкіндігі туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге міндетті. Осы Шарттың тармағы негізінде Жұмыстарды тоқтатқан жағдайда, Мердігер Шарттың 9.2-тармағында көзделген жауапкершілікті көтереді.

3.24. Авторлық қадағалау және техникалық қадағалау.

3.24.1. құрылыс процесінде ғимараттар мен құрылыстарды салу бойынша орындалған жұмыстардың жобада көзделген шешімдерге және жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін тексереді;

3.24.2. технологияны сақтау (оның ішінде құрылысты ұйымдастыру жобалары), құрылыс-монтаждау жұмыстарын және технологиялық және басқа да жабдықтарды монтаждау жұмыстарын жүргізу сапасы;

3.24.3. кейінгі жұмыстар мен конструкциялармен жасырылған негізгі жұмыстарды куәландыру актілерін жасауға бірлесіп қатысады;

3.24.4. конструкцияларға, бөлшектерге, құрылыс материалдары мен жабдықтарына сертификаттардың (паспорттардың) және басқа да техникалық құжаттамалардың мемлекеттік стандарттарға, техникалық шарттарға және жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін тексереді;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.24.5. құрылыста мемлекеттік стандарттарға, техникалық шарттарға және жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес келмейтін конструкциялардың, бөлшектердің, бұйымдардың, құрылыс материалдары мен жабдықтардың қолданылмауын бақылайды.

3.24.6. Нысанның құрылысын тоқтату, тоқтата тұру және консервациялау.

3.24.7. Осы Шарт бойынша жұмыстарды тоқтату, тоқтата тұру, сондай-ақ объектіні консервациялау осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.

3.24.8. Жұмыстарды 6 айдан астам мерзімге тоқтату немесе тоқтата тұру қажет болған кезде Тапсырыс беруші объектіні консервациялауды қамтамасыз етуге тиіс.

3.24.9. Құрылысты тоқтату немесе тоқтата тұру туралы шешімді Тапсырыс беруші қабылдайды және мердігердің қабылдаған шешімі туралы, тиісті сәулет-құрылыс инспекциясы органы мен жергілікті атқарушы органға хабарлайды.

3.24.10. Қажет болған жағдайда Тапсырыс беруші объектіні консервациялаудың жұмыс сызбалары мен сметасын әзірлейді, ал мердігер осы жұмыс сызбалары мен сметаларында көзделген жұмыстарды орындайды.

3.24.11. Консервацияланған Объект пен жұмыс алаңы акт бойынша Тапсырыс берушіге немесе ол уәкілеттік берген ұйымға беріледі.

3.24.12. Объектідегі жұмыстар қайта басталған кезде Тапсырыс беруші Мердігерге объектінің жай-күйін көрсете отырып, АКТ бойынша консервацияланған объектіні және жұмыс алаңын береді. Қажет болған жағдайда конструкциялар мен жүйелердің техникалық жай-күйіне тексеру жүргізіледі. Тапсырыс беруші жұмыстарды орындауға рұқсатты қайта бастайды немесе қайта алады, сондай-ақ мердігерге қажетті атқарушылық-техникалық құжаттаманы береді.

3.25. Техникалық және бухгалтерлік құжаттама.

3.25.1. Мердігер барлық Жобалау-сметалық құжаттаманы, Жұмыстардың жинақтау ведомосын және атқарушы-техникалық құжаттаманы, бухгалтерлік кітаптар мен жазбаларды заңнамада белгіленген жалпы қабылданған қағидаттар мен стандарттарға сәйкес толық және дәл жүргізуге міндетті.

3.25.2. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға қатысты құжаттаманы сұратуға құқылы, оны Тапсырыс берушінің жазбаша талабы бойынша Мердігер сұрау алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде ұсынуы тиіс.

3.25.3. Атқарушы-техникалық және өзге де құжаттаманы Мердігер Тапсырыс берушіге қағаз тасығыштарда және сканерленген форматта электрондық нұсқаларда ұсынады. Тараптардың келісімі бойынша құжаттама басқа форматта ұсынылуы мүмкін.

3.25.4. Құжаттаманың электрондық нұсқалары келесі талаптарға жауап беруі тиіс: - қағаз тасығышта ұсынылған құжаттармен мазмұны бойынша бірдей болуы; - сканерленген құжатта барлық талап етілетін қолтаңбалардың болуы (егер оны көздесе); - сканерленген құжаттың сапасы мазмұнын оқуға мүмкіндік беруі тиіс; - сканерленген файлдың көлемі сапасын жоғалтпай минималды мөлшерге жетуі тиіс.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Мердігер міндеттенеді:

4.1.1. Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес орындауға;

4.1.2. Тәртіпке сәйкес сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алу веб-порталында ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алуды қамтамасыз етуге; Мердігердің тараптар орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне, сатып алынатын тауарларды тауар өндірушіден (тауар өндірушілерден) сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмесін (көшірмелерін), сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымға (ұйымдарға), тауарларды қабылдау-беру актілеріне қол қойған күнге дейін ұсынуы Мердігердің Шарттың осы тармағында көзделген міндеттемені орындауын растау болып табылады. Егер өткізілетін (өткізілген) сатып алу/Шарт талаптарымен Жұмыстардың белгілі бір көлемін қосалқы мердігерлікке беруге жол берілген жағдайда, көрсетілген міндеттеме қосалқы мердігерге де қолданылады.

4.1.3. Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге Шарт аясында электрондық құжат нысанында орындалған жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылық есебін ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады);

4.1.4. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшілік терді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

4.1.5. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен Жұмыстарды орындауға;

4.1.6. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе.

4.1.7. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

4.1.8. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде авариялarға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.9. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.10. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

4.1.11. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігердің аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тарту жағдайларын және Тәртібінің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарт бойынша Банк кепілдігі, Төлем тапсырмалары аванстық төлемді (алдын ала төлемді) толық өтегенге дейін қолданылу мерзімімен аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді енгізу.

4.1.12. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 3 % мөлшерінде Банк кепілдігі, Төлем тапсырмалары түрінде енгізу. Осы міндеттеме, егер ол Тәртібінің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Мердігерге қолданылмайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету көрсетілген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Мердігердің сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы ерекшелікті құрайды. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.12.1. Мердігердің үшінші тұлғаларда шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға немесе тоқтатылғанға дейін шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз етуге тұтастай не бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді;

4.1.13. Жұмыстарды Шарттың және оған қосымшалардың талаптарына сәйкес тиісінше және уақтылы орындауды қамтамасыз ету;

4.1.14. Қазақстандық персоналға қатысты тартылған шетелдік персоналға тең шарттар мен еңбекақыны қамтамасыз ету, соның ішінде:

4.1.14.1. Мердігердің, сондай-ақ оның Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары болып табылатын қосалқы мердігерлерінің жұмыскерлері арасында еңбекақы саласында кемсітушілікке жол бермеу;

4.1.14.2. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде жұмыс істейтін Мердігердің және оның қосалқы мердігерлерінің жұмыскерлерінің саны мен лауазымдары туралы ақпаратты олардың азаматтығын көрсете отырып ұсыну.

4.1.15. Мердігер және (немесе) бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан асқан кезде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өзінің қызметінің және (немесе) мамандарының болуына (мұндай талап Жұмыстарға қатысты болған кезде ғана белгіленеді);

4.1.16. Өз жұмыскерлерін Жұмыстарды қауіпсіз орындау үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен (мұндай талап Жұмыстарға қатысты болған кезде ғана белгіленеді) қамтамасыз етуге;

4.1.17. Шартта көзделген Жұмыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген нысанға сәйкес Орындалған жұмыстарды қабылдау актісі бойынша тапсыру және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактураны жазып беру;

4.1.18. Жұмыстарды орындау аяқталғаннан кейін Нысанды пайдалануға қабылдаудың түпкілікті Актісімен/жөнделген, реконструкцияланған (жаңғыртылған) активтерді қабылдау-беру Актісімен бірге Тапсырыс берушіге Шартқа № 3 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты есебін ұсыну;

4.1.19. Мердігердің Шарт шеңберінде Жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартуы жағдайында осындай қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) ескере отырып, орындалған Жұмыстардағы елішілік

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

құндылық үлесінің есебін ұсынуды қамтамасыз ету;

4.1.20. Жұмыстардағы елішілік құндылық үлесі бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беру;

4.1.21. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарт талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші алдында орындамау немесе тиісінше орындамау, соның ішінде Шартта және оған қосымшаларда көзделген барлық Жұмыстарды уақтылы орындамау және сапасыз орындау үшін жауапкершілік көтеру;

4.1.22. жұмыс өндірісі жобасын (ЖӨЖ) Нормаларға сәйкес әзірлеу және қолдану;

4.1.23. Шартта көзделген Жұмыстарды өз күшімен, сондай-ақ қосалқы мердігерлердің күшімен және қаражатымен орындау, егер қосалқы мердігерлерді тарту шарттары тендерлік құжаттамада және тендерге қатысуға өтінімде және/немесе Шартқа қосымша болып табылатын техникалық спецификацияда көзделсе, материалдармен және қаражаттармен (персоналмен, жабдықтармен, технологиялық жабдықтармен, аспаптармен, құралдармен, машиналармен және механизмдермен, көлікпен, арнайы техникамен, ЖЖМ және т.б.) қолданыстағы нормалар мен ережелердің, техникалық шарттардың талаптарын сақтай отырып, жұмыс аяқталғаннан кейін өзінің қосалқы жабдықтарын жұмыс алаңынан шығарумен; Олардың қабылдануына, сақталуына және пайдаланылуына жауапты болу;

4.1.24. Шартты жүзеге асыру үшін қажет болатын барлық Материалдар мен жабдықтарды қолдану, олардың қолданылуына, сақталуына және пайдаланылуына жауапты болу;

4.1.25. Барлық қолданылатын Материалдар мен Жабдықтарды Тапсырыс берушімен алдын ала келісу;

4.1.26. Егер Шартта өзгеше белгіленбесе, өз есебінен Мердігердің (қосалқы мердігерлердің) жұмыскерлерін тасымалдауды, олардың тұруын және тамақтануын, сондай-ақ техниканы жұмылдыруды және жұмылдырудан босатуды қамтамасыз ету;

4.1.27. Тендерлік өтінімге сәйкес қосалқы мердігерлікке беруге рұқсат етілген көлемді қоспағанда, Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара ешкімге бермеу;

4.1.28. Қосалқы мердігерлерді Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға тарту жағдайында, Тапсырыс берушіге Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін оларды тарту сәтінде ұсыну. Қосалқы мердігерлердің болуы Мердігерді Шарт бойынша материалдық немесе басқа да жауапкершіліктен, соның ішінде өндірістік, еңбек тәртібін және Тапсырыс берушінің ішкі ережелерін (Ішкі еңбек тәртібі ережелері, өткізу режимі және жатақханаларда тұру және т.б.) бұзғаны үшін босатпайды;

4.1.29. Тендерлік өтінімнің талаптарында Мердігердің мамандарына көрсетілген негізгі лауазымдарға жұмыскерлерді жалдау. Бұл тұлғаларды басқаларға ауыстырған кезде, Мердігер мұндай ауыстыруға Тапсырыс берушінің келісімін алуы тиіс. Жаңа жұмыскерлердің біліктілігі көрсетілген талаптарда аталған жұмыскерлердің біліктілігіне сәйкес келуі немесе одан жоғары болуы тиіс;

4.1.30. Егер Тапсырыс беруші Мердігерден Мердігердің немесе қосалқы мердігердің жұмыскері болып табылатын тұлғаны Жұмыстарды орындаудан шеттетуді сұраса, бұл ретте объективті себептерді көрсетсе, Мердігер бұл тұлғаны Жұмыстарды орындаудан шеттетуге және 72 сағат ішінде Тапсырыс берушінің аумағынан шығаруға міндетті, содан кейін бұл тұлғаның осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындаумен ешқандай байланысы болмауы тиіс;

4.1.31. Шартты орындау үшін қажетті барлық қолданылатын материалдарды, жабдықтарды, көлікті және арнайы техниканы пайдалану және пайдалану алдында Тапсырыс берушімен келісу;

4.1.32. Қолданылатын материалдардың/қосалқы бөлшектердің/ жинақтауыштардың, конструкциялардың, жабдықтардың сапасы үшін толық жауапкершілік көтеру және оларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда ауыстыру және/немесе кемшілікті Тапсырыс берушінің жазбаша хабарламасынан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен жою;

4.1.33. Нысанды пайдаланудың кепілдікті мерзімі ішінүде жабдықты қосалқы бөлшектермен жиынтықтау;

4.1.34. Құрылыс және жұмыс алаңдарында орналасқан Шартты орындау үшін қажетті материалдардың, жабдықтардың, аспаптардың, көліктің және арнайы техниканың және т.б. сақталуын өз есебінен қамтамасыз ету;

4.1.35. Тапсырыс берушінің қоймасынан алынған жабдықтар мен материалдарды өз есебінен тиеуді-түсіруді, сондай-ақ Нысанның құрылысы салынатын жерге дейін тасымалдауды ұйымдастыру;

4.1.36. Материалдарды, конструкцияларды, бұйымдарды, жабдықтарды қабылдауды қоймалауды және сақтауды, құрылыс машиналары мен тетіктерді пайдалану мен техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру, сондай-ақ өз есебінен құрылыс және жұмыс алаңдарын күзетуді қамтамасыз ету;

4.1.37. Нысанда Жұмыс жасаған кезде барлық өртке қарсы қауіпсіздік, қауіпсіздік техникасы мен экологиялық қорғаныс шараларын өз қаражаты есебінен қамтамасыз ету;

4.1.38. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

мынадай түрде төленуге тиіс:

4.1.38.1. Мердігер Шарт бойынша міндеттердің орындалуына байланысты есептелген барлық және кез-келген салықтың төленуі үшін толық жауапкершілік көтереді және Мердігерге жүктелген немесе ол Шарт бойынша алған кез-келген төлемге байланысты Қазақстан Республикасының кез-келген мемлекеттік органы, соның ішінде салық қызметі Мердігерге есептеуі және салуы мүмкін талап етілетін барлық салық немесе алымдарды (соның ішінде өсімпұл мен айыппұлды қоса) төлеуге байланысты кез-келген және барлық шағымдар мен жауапкершіліктен Тапсырыс берушіні босатады және одан арашалайды.

4.1.38.2. Егер осындай талап Қазақстан Республикасының заңында, ережесінде немесе нұсқаулығында мазмұндалатын болса, онда Тапсырыс беруші Мердігерге төленуі тиіс сомадан салық төлеу бойынша кез-келген соманы ұстап қалады. Көрсетілген қаражаттарды ұстап қалу туралы Мердігердің Тапсырыс берушіге қоятын талаптарының заңдылығына кез-келген ведомоствода даулау мүмкіндігін беру үшін Тапсырыс беруші кез-келген осындай талап ету туралы Мердігерді алдын-ала ескертеді. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органы үшін ұстап қалған сома мөлшерінде төлеген төлемі бастапқыда төлем Мердігерге жасалғандай түрде көрсетіліп, Мердігердің атынан төленді деп есептеледі және Тапсырыс беруші осылайша ұсталып қалған сома бойынша Мердігер алдында әрі қарай жауапкершілік көтермейді. Тапсырыс беруші сондай-ақ барлық осындай төлемнің құжатталған куәліктерін Мердігерге ұсынады.

4.1.39. Шот-фактураларды және Орындалған жұмыстар актілерін, Нысанды пайдалануға қабылдау актісін, жөнделген, реконструкцияланған (жаңғыртылған) активтерді қабылдау-беру актісін, сондай-ақ Нысандағы меншік иесі (құқық иеленуші) туралы мәліметтерді (қағаз және электрондық тасығыштарда) уақтылы ұсыну;

4.1.40. Орындалатын Жұмыстардың тиімділік деңгейіне Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық спецификацияның талаптарынан төмен емес кепілдік беру;

4.1.41. Тапсырыс берушінің аумағында Шарт талаптарын, өнеркәсіптік, экологиялық, санитарлық, өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнама талаптарын, қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды, сондай-ақ еңбек қатынастары саласындағы, соның ішінде Шартқа №5 Қосымшада көзделген талаптарды сақтау, Қазақстан Республикасының мұнай-газ өндіру өнеркәсібіндегі қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі регламенттейтін құжаттарға сәйкес Жұмыстарды орындау, Тапсырыс берушінің аумағында барлық қауіпсіздік шараларын өз есебінен орындауды қамтамасыз ету, сондай-ақ Жұмыстарды орындау кезінде жоғарыда көрсетілген талаптарды сақтамағаны үшін толық жауапкершілік көтеру. Қажетті талаптар мен стандарттарды сақтамаған жағдайда, Мердігерге Тапсырыс берушінің нысандарында жұмыс істеуге тыйым салынуы мүмкін немесе оның Жұмыстарының көлемі тек Тапсырыс беруші мүмкін деп санайтын Жұмыстарға дейін қысқартылуы мүмкін, бұл ретте Мердігер Жұмыстарды тиісінше орындамағаны және/немесе уақтылы орындамағаны үшін жауапты болады;

4.1.42. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде жол берілген бұзушылықтар үшін толық жауапкершілік көтеру, сондай-ақ Мердігер және/немесе қосалқы мердігерлер жол берген, экология, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, салық салу, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласында әкімшілік жауапкершілікке тартуға әкеп соққан заңнаманы бұзғаны үшін Тапсырыс берушіге уәкілетті мемлекеттік органдар салатын кез келген өндіріп алуларды (соның ішінде айыппұл санкцияларын) толық көлемде өтеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи ресурстарды қалпына келтіруді қоса алғанда, экологиялық салдарларды толық жоюды жүргізу;

4.1.43. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылатын өз жұмыскерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Мердігер/қосалқы мердігер жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының қауіпсіздік және еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасын сақтауы тұрғысынан үнемі аудит (ішкі бақылау) жүргізу;

4.1.44. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін талап етілетін рұқсат беру құжаттамасын (оны алу қажет болған жағдайда) алуға байланысты барлық шығыстарды көтеру;

4.1.45. Атқарушылық техникалық құжаттаманың тиісінше және уақытылы орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ресурстық әдіспен сметалар жасауды үйрету бойынша сертификатталған қызметкерлері болу;

4.1.46. Бүкіл орындалатын Жұмыстарға, соның ішінде егжей-тегжейлі бөлінуді қоса алғанда геодезиялық бөлу Жұмыстарына технологиялық құжаттаманың (технологиялық карта, регламенттер және т.б.) бар болуы;

4.1.47. Кіреберіс бақылауда және өз күшімен дайындалатын материал мен бұйымдардың сапасын бақылаған кезде материал мен бұйымдарды сынау үшін өз зертханасының болуы, сондай-ақ, егер Шарттың қосымшаларында немесе тендерлік құжаттамада осы талап қарастырылған болса, Мердігердің зертханасында жасалмайтын сынау түрін жасау үшін тәуелсіз зертханамен шарт жасасу;

4.1.48. Бақылаудың барлық түрлерін жасауға және олардың нәтижелерінің шынайылығына дербес жауапкершілікті бекітетін ұйымдастырушылық құжаттамасы бар болу, сондай-ақ, осы нәтижелерді құжаттау;

4.1.49. Жұмыстарды жобаларға, сметаларға, жұмыс сызбаларына толық сәйкестікпен және Нормаларға сәйкес жүргізу;

4.1.50. Мердігердің уәкілетті өкілі мен Жұмыстардың нәтижелерін қарау және қабылдау күндерін көрсете отырып Жұмыстарды тапсыруға дайын екендігі туралы Тапсырыс берушіге жазбаша түрде хабарлау, Тапсырыс берушіге жасалған Жұмыстар туралы нақты әрі толық ақпарат беру, Жұмыстардың жинақтаушы тізімдемесін, барлық атқарушылық және есептік құжаттаманы жүргізу;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.51. Құндық, көлемдік және ресурстық бағалау тұрғысынан алғанда, орындалған Жұмыс көлемінің есебін жүргізу;

4.1.52. Орындалған Жұмыстардың құны туралы ай сайын актілер мен анықтамалар беру, АВС-4 бағдарламалық кешенінде жасалған КС-3 және 2-В нысандарын ұсыну;

4.1.53. Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша Шартты орындауға байланысты ақпарат пен құжаттарды, соның ішінде Мердігердің (қосалқы мердігерлердің) жұмыс істейтін персоналының біліктілік құрамы, Жұмыстарға тартылатын көлік, арнайы техника, жабдықтар және олардың. құқық белгілейтін және рұқсат беру құжаттарына, сондай-ақ қолданылатын құрылыс және басқа материалдарға қатысты ақпаратты ұсыну;

4.1.54. Шарт жасалған сәттен бастап Тапсырыс берушімен келісілген мерзімдерде Жұмыстарға тартылатын барлық көлікті техникалық құралдармен (GPS терминалдарымен) жабдықтау. Мердігердің көлігіне орнатылатын GPS терминалдары Тапсырыс берушінің бірыңғай GPS мониторинг жүйесінің техникалық шарттарына сәйкес келуі тиіс (техникалық шарттарды Тапсырыс беруші Мердігердің сұрауы бойынша ұсынады). Осы тармақтың талаптарына сәйкес келмейтін көлікке Тапсырыс берушінің кен орындарының аумағына кіруден бас тартылуы мүмкін, бұл ретте Мердігер Шарт бойынша Жұмыстарды тиісінше және уақтылы орындамағаны үшін жауапты болады;

4.1.55. Жұмыстарды Тапсырыс берушінің кен орны аумағында жасаған кезде, мониторинг, навигация және оперативтік бақылау жүйесімен жабдықталған арнайы техника мен көлік құралдарын ғана пайдалану;

4.1.56. Мердігердің (қосалқы мердігерлердің) жұмыскерлерінің Шарт бойынша Жұмыстарды орындаумен байланысты емес Тапсырыс берушінің аумағында орын ауыстыруына (қозғалуына) жол бермеу;

4.1.57. Өз есебінен Мердігер/қосалқы мердігер жұмыскерлерінің ауысым алдындағы медициналық куәландыруын өткізуді қамтамасыз ету және Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында уақытша құрылыстарды (вахталық кенттерді) орналастыру кезінде қауіпсіздік талаптарын орындау. Қауіпсіздік талаптарына мыналар жатады: бейнебақылау жүйесінің болуы, күзеттің немесе қауіпсіздікке жауапты тұлғаның болуы;

4.1.58. Мердігер салық есептіліктерін дұрыс толтырмау салдарынан қарсы тексерулердің және/немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кірістер комитетіне сұрау салулардың нәтижелері бойынша расталмаған қосымша есептелген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге ҚҚС сомасын қайтаруға міндетті.

4.1.59. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемеу) немесе растамау фактілері анықталса, соның салдарынан Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС сомасын қайтарудан бас тартылса немесе қосымша салықтар есептелсе, онда Мердігер Тапсырыс берушінің тиісті Хабарламасын алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС-тың барлық сомасын, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де есептелген салықтарды өтеуге міндеттенеді. Осы тармақта көзделген шарт тікелей Мердігердің өзімен өзара қатынастармен шектелмейді, сонымен қатар Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуларды растамау, қосылған құн салығын қайтармау және мемлекеттік органдар ұсынған салықтар мен қаржылық санкцияларды қосымша есептеу жағдайларына қандай да бір себептермен әкелген Мердігердің жеткізушілерімен өзара қатынастарға да таралады; Шартта қарастырылған операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды растамау немесе бұрын анықталған көрсетпеу (төлемеу) деректері бойынша ҚР бюджетінен қайтарудан бас тартылған, Мердігермен өтелген ҚҚС-тың артық сомасын Тапсырыс беруші Мердігерге қайтаруы тиіс болады, егер де ҚҚС-ты қайтаруға арналған, қайта ұсынылған талап негізінде ҚҚС-тың артық сомасы Тапсыры берушіге қайтарылған жағдайда және бұрын анықталған бұзушылықтардың 1-ші, 2-ші, 3-ші және т.б. деңгейлерін Мердігердің немесе Мердігерлердің жоюы нәтижесінде бұрын расталмаған сомалар қайтаруға расталған жағдайда, Тапсырыс беруші ҚҚС-тың артық сомасының нақты қайтарымын алғаннан кейін 10 (он) күннің ішінде бұрын Мердігермен өтелген ҚҚС-сомасын қайтаруға міндеттенеді.

4.1.60. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, және (немесе) тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде Мердігерге босату шарттарының қолданылмауы себебінен төлем көзінен салық салудан босатуды негізсіз қолдану анықталса, онда Мердігер Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төленуге жататын салықтар мен қаржылық міндеттемелердің барлық сомасын өтеуге міндеттенеді. Тапсырыс беруші көрсетілген оқиғалардың туындау фактісін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады;

4.1.61. Егер Мердігер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес резидент емес болып табылса және Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құруды талап етпейтін мерзім шегінде қызметтер көрсетсе немесе Жұмыстарды орындаса, халықаралық шарттың ережелерін қолдану мақсатында мұндай резидент емес резиденттігін растайтын құжатпен қатар Тапсырыс берушіге мыналарды ұсынады: құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелерін немесе сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен) үзінді көшірмені немесе резидент емес тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген, құрылтайшыларды (қатысушыларды) және заңды тұлға-резидент еместің мажоритарлық акционерлерін көрсететін басқа да ұқсас құжатты. Шетел мемлекетінің заңнамасының талаптарына сәйкес резидент еместе құрылтай құжаттарының немесе сауда тізіліміне (акционерлер тізіліміне) тіркелу міндеттемесінің немесе резидент емес тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген басқа да ұқсас құжаттың болмауы жағдайында, мұндай резидент емес салық агентіне мыналарды ұсынады: резидент еместі құруға негіз болған құжатты (актіні), оның құқықтық (заңды) күшін резидент емес тіркелген шетел мемлекетінің тиісті органы растаған, немесе

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қатысушысы резидент емес болып табылатын шоғырландырылған топтың ұйымдастырушылық құрылымын көрсететін, оның барлық қатысушыларының атауын және олардың географиялық орналасқан жерін (шоғырландырылған топтың қатысушылары құрылған (мемлекеттердің (аумақтардың) атауларын), және барлық қатысушылардың мемлекеттік және салықтық тіркеу нөмірлерін көрсететін басқа да құжатты;

4.1.62. Ай сайын әр айдың 5 (бесінші) күніне дейін Тапсырыс берушіге еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы белгіленген нысан бойынша есептерді, барлық жазатайым оқиғалар, жол-көлік оқиғалары, сондай-ақ оқиғалар (апаттар, өрттер, жарылыстар, мұнай және мұнай өнімдерінің төгілуі, адамдардың өліміне, денсаулығына және/немесе қоршаған ортаға зиян келтірген, мүлікке және жабдыққа материалдық зиян келтірген жағдайлар) туралы ақпаратпен ұсыну;

4.1.63. Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша көрсетілген мерзімдерде Шартты орындауға байланысты ақпарат пен құжаттарды, соның ішінде Мердігердің шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін ұсыну;

4.1.64. Салынатын жылжымайтын мүлік нысандарының сапасын және құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалуын кепілдендірілген түрде қамтамасыз ету бойынша өзінің мүмкіндіктерін белгіленген тәртіпте сертификатталған ИСО 9001-2008 талаптарына сәйкес келетін сапа жүйесінің болуымен растау;

4.1.65. Жұмыстардың орындалу барысын жоспардан тыс баяулататын жағдайлар туындайтін болса, Тапсырыс берушіні дереу жазбаша түрде хабардар ету;

4.1.66. Мердігердің Шартпен келісілген Жұмыстарды тапсыру мерзімі келгенше Нысандағы материалдардың, Жұмыс нәтижелерінің, мүліктің кездейсоқ бүліну немесе кездейсоқ зақымдану тәуекелін көтеру;

4.1.67. Тиісті сұрауды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіні Жұмыстарды орындау барысы туралы хабардар ету, сондай-ақ орындалатын Жұмыстардың көлемі мен сапасын растайтын қажетті құжаттаманы ұсыну;

4.1.68. 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Мердігер жұмыскерлері персоналының заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген залалды, қызметтік міндеттерін орындау кезінде де, олармен байланысты емес жағдайда да, соның ішінде Тапсырыс берушінің аумағында болған кезде де, егер залал белгіленген тәртіппен дәлелденсе және күшіне енген сот актісімен расталса, өтеу. Залалды өтеу Мердігердің қаражаты есебінен, соның ішінде Тапсырыс берушінің Мердігерге барлық жасалған және қолданыстағы шарттар бойынша төлеуге тиесілі сомалары есебінен жүргізілуі тиіс. Осы тармақтың күші Мердігердің Жұмыстарға (қызметтерге) тартқан барлық қосалқы мердігерлеріне де таралады және олар үшін Мердігер осы Шарт бойынша жауапты болады;

4.1.69. Құрылыс және жұмыс алаңын тазартуды, барлық қалдықтар мен құрылыс қоқыстарын жинауды, шығаруды, кәдеге жаратуды, уақытша нысандарды (құрылыстарды) құрылыс кезеңінде де, ол аяқталғаннан кейін де өз есебінен қамтамасыз ету;

4.1.70. Тапсырыс берушінің өндірістік объектілерінде болған кезде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын, соның ішінде Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, өткізу режимін және жатақханаларда тұру ережелерін сақтауды келісу;

4.1.71. Жұмыстар аяқталғаннан кейін заңнама талаптарына сәйкес Нысанның қабылдауға дайындығы туралы Тапсырыс берушіге хабарлама жіберу;

4.1.72. Қабылдау комиссиясының жұмысына қатысу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылысы аяқталған Нысанды қабылдау комиссиясына пайдалануға тапсыру және осыған байланысты барлық қажетті шығыстарды көтеру;

4.1.73. Апаттарға, қоршаған ортаға, Персоналға, Тапсырыс берушінің материалдары мен жабдықтарына зиян келтіруге және Жұмыстарды уақтылы орындамауға, сапасыз, толық орындамауға әкелетін немесе осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындауды мүмкін етпейтін басқа да жағдайларға, сондай-ақ мұндай жағдайлардың туындау тәуекелдері туралы кез келген нысанда, Тапсырыс берушіге жедел хабарлауды қамтамасыз ететін, кейіннен 11-бөлімде көзделген тәртіппен ақпарат жіберу арқылы барлық оқиғалар туралы Тапсырыс берушіге дереу хабарлау. Осы Шарт бойынша Жұмыстар барысында және оларды үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында Мердігер осындай жағдайлар мен мән-жайларды реттеу бойынша өзіне байланысты барлық шараларды қабылдауға міндетті;

4.1.74. Мемлекеттік қадағалау органдарымен Жұмыстарды жүргізу тәртібін, Тапсырыс беруші персоналын оқытуды, сондай-ақ жабдықты іске қосу және пайдалану үшін қажетті барлық құжаттарды (егер мұндай жұмыстар Шартта көзделсе) кейіннен оларды Тапсырыс берушіге берумен келісу;

4.1.75. Жұмыс жобасының және нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарын және құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасын сақтауды қамтамасыз ету;

4.1.76. Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз жобалау құжаттамасына өзгертулер енгізбеу. Олай болмаған жағдайда, осымен байланысты Тапсырыс берушінің барлық шығындары мен залалдарын Мердігер өз мойнына алады;

4.1.77. Нормалармен, Жобалау-сметалық құжаттамамен және (немесе) Шартпен белгіленген тәртіппен және құрамда Жасырын жұмыстарды, жауапты конструкцияларды аралық қабылдауды куәландыруды орындауды және құжаттауды қамтамасыз ету;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.78. Тапсырыс берушінің Өкілдеріне, техникалық мамандарына және сарапшыларына Мердігердің Жабдықтарына еркін кіру құқығын беру, Тапсырыс берушінің Өкілдері мен техникалық мамандарының осы Шарттың ережелеріне және құрылыстағы қауіпсіздік техникасы саласындағы нормативтерге сәйкес тиімді және қауіпсіз қызметі үшін оның қарамағындағы барлық шараларды қабылдау;

4.1.79. Мердігер Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес нысандар мен мерзімдерде күнделікті тәуліктік жиынтықты, конъюнктуралық шолуды, есептерді және басқа да ақпаратты ұсынуға міндеттенеді, сондай-ақ ай сайын, есепті айдың 20-сы күнінен кешіктірмей, Тапсырыс берушіге есепті айда күтілетін Жұмыстарды орындау туралы сенімді есеп ұсынады. Мердігердің мұндай деректерді ұсынудан бас тартуы осы Шарттың талаптарын бұзу болып табылады және оны Тапсырыс беруші тарапынан біржақты мерзімінен бұрын бұзуға негіз болады;

4.1.80. Тапсырыс берушінің келісімшарттық/келісімшарттан тыс аумағына көлік құралдарының, арнайы техниканың және персоналдың кіруі/шығуы, сондай-ақ қозғалуы/болуы кезінде Тапсырыс берушіге және/немесе оның өкілдеріне (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және/немесе стационарлық топтар / күзет қызметтері) Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ресімделген қозғалысқа рұқсат(тар)ды, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген тұлғалардың талабы бойынша Тапсырыс берушінің және/немесе оның өкілінің (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және/немесе стационарлық топтар/күзет қызметтері) Мердігердің көлік құралдары мен арнайы техникасын, соның ішінде тиісті... толық тексеруін жүргізу құқығын ұсыну.

4.1.81. құжаттардың. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және/немесе оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні келісімшарттық аумаққа немесе күзетілетін нысанға кіргізбеуге, сондай-ақ келісімшарттық аумақта құқық бұзушылық, қылмыс анықталған жағдайда аумақтан тыс жерге шығаруға немесе ҚР құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыруға құқылы;

4.1.82. Орындалған жұмыстар актісімен бірге дезактивация актісін және кәдеге жарату актісін, қалдықты кәдеге жаратуды растайтын, сондай-ақ қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем бойынша нотариалды куәландырылған салық декларацияларының көшірмелерін ұсыну (егер Шарт қалдықтарды/радиоактивті қалдықтарды кәдеге жарату бойынша жұмыстарды орындауды көздесе);

4.1.83. Шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға;

4.1.84. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге Шартты орындауға қатысатын барлық қосалқы мердігерлер бойынша, олардың атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Мердігермен аффилиирленгендігінің белгілерінің болуын көрсете отырып ақпарат ұсыну. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркеу тұрғысынан тексеру құқығын өзіне қалдырады;

4.1.85. Ұзақ мерзімді Шарт жасасқан кезде (он екі айдан астам мерзімге жасалатын), Мердігер Шарт бойынша Жұмыстарды орындау басталған күннен бастап бір айлық мерзімде өз есебінен «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» курсы бойынша Жұмыстарды орындау кезінде жұмыс істейтін Мердігер/Қосалқы мердігер(-лер) басшылары мен инженер-техникалық қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыруға міндетті;

4.1.86. Осы Шартты орындау үшін тартылатын қызметкерлерге осы Шартта көрсетілген жалақы Шарттың бүкіл қолданылу кезеңіне белгіленсін және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде тапсырысшыға тоқсан сайын ресми тәртіппен есепті тоқсаннан кейінгі 10 (оныншы) күннен кешіктірмей растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жалақы туралы ақпарат беруге, оның ішінде (бірақ шектелмейді): еңбек шарттарынан үзінді көшірмелер, жалақы бойынша есеп жүйесінен түсіру, есеп айырысу-төлем Ведомостары, басқа да растайтын құжаттар;

4.1.87. Әлеуметтік жағдайдың тұрақтылығын сақтау және (немесе) қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдау шеңберінде, Қағидалардың 65-бабының 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес Шартқа өзгерістер енгізу кезінде, Шартты орындау үшін жұмыс істейтін Мердігер жұмыскерлерінің жалақысын және әлеуметтік қолдауға жұмсалатын шығыстарын тиісінше ұлғайтуды жүргізу. Осы тармақта көзделген міндеттемені Мердігердің орындағанын растау, Мердігердің есепті тоқсан сайын ресми тәртіппен есепті тоқсаннан кейінгі 10 (оныншы) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелерді, сондай-ақ Мердігер жұмыскерлерін әлеуметтік қолдауға жұмсалатын шығыстардың ұлғаюын растайтын ақпарат пен құжаттарды ұсынуы болып табылады.

4.1.88. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі (мұндай талап Жұмыстарға қолданылатын кезде ғана белгіленеді) бойынша оқытудан өткен мамандарды Жұмыстарды орындауға жіберуге;

4.1.88.1. Нысанды салу кезеңінде қоршаған ортаға эмиссияны жүзеге асыруға рұқсаты болу;

4.1.88.2. Меншік/пайдалану құқығының мемлекеттік тіркелуін және құрылысы аяқталған Нысаның техникалық құжаттамасын өз есебінен дайындауды қамтамасыз ету.

4.1.88.3. Егер техникалық ерекшеліктің (кесте, жол картасы және т. б.) өзгеше көрсетпесе, онда Мердігер ай сайын немесе тоқсан сайын беруге міндеттенеді Тапсырыс беруші туралы ақпаратты аралық орындауларды шарттық міндеттемелерді жазбаша нысанда.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.88.4. Шартта көрсетілмеген, бірақ Шарт бойынша Жұмыстарды орындау шарттарынан туындайтын өзге де міндеттерді көтеру.

4.2. Мердігер:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және Орындалған жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап ету.

4.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең дәрежелі маманмен ауыстыруға;

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

4.2.7. Жұмыстарды орындауды бастағанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқаты саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.8. Тапсырыс берушіден аванстың (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге;

4.2.9. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқылы.

4.2.10. Бірлік үшін құнын өзгертпей, Тапсырыс берушіге Техникалық жобадан өзгеше, сапалырақ, прогрессивті Жұмыстарды орындау тәсілдерін жедел шешім қабылдауды талап ететін нысанның құрылысы процесінде келісуге ұсыну. Мұндай ұсыныстар Тапсырыс берушімен және Жоба авторымен жазбаша келісім болған кезде ғана қолданылуы мүмкін.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқаты саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Мердігерге Тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген аванстың (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді;

4.3.6. Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ол енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді.

4.3.7. Орындалған Жұмыстарда кемшіліктер болған жағдайда, Мердігерге кемшіліктер тізбесін оларды жою мерзімін көрсете отырып жіберу.

4.3.8. Орындалатын Жұмыстардың көлемінің, құнының және сапасының нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігіне бақылау мен техникалық қадағалауды жүзеге асыру.

4.3.9. Мердігерге осы Шарттың қолданылу кезеңінде Шарт бойынша Жұмыстарды жүргізу үшін бөлінген Жұмыс алаңын пайдалануға рұқсат беру.

4.3.10. Тапсырыс берушіге меншік құқығында немесе жер пайдалану құқығында тиесілі жер учаскесінде Жұмыстарды орындауға Рұқсат алу (заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда).

4.3.11. Мердігерге белгіленген тәртіппен бекітілген Нысанға Жобалау-сметалық құжаттаманы ұсыну.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.3.12. Құрылысы аяқталған Нысанды қабылдау комиссиясының пайдалануға қабылдауы үшін ұсынуды қамтамасыз ету.

4.3.13. Мердігерден құрылысы аяқталған Нысанды қабылдауды жүргізу.

4.3.14. Шарт бойынша Жұмыстарды тиісінше орындауды қамтамасыз ету мақсатында Мердігерге жәрдем көрсету.

4.3.15. Жұмыстарды орындауды Авторлық және Техникалық қадағалауды заңнамада белгіленген тәртіппен қамтамасыз ету.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Мердігерден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.4.2. Шарттың құнын тиісінше азайта отырып, Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың нақты бір көлемін қабылдаудан бас тартуға;

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға;

4.4.4. Кез келген уақытта Мердігердің қызметіне араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.5. Мердігерден Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.6. Тапсырыс беруші Мердігердің Жұмыстардағы елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.7. Осы Шартта және оған Қосымшаларда көрсетілген Жұмыстардың сапалы және уақтылы орындалуын талап ету.

4.4.8. Жұмыстар барысында немесе орындалғаннан кейін кемшіліктерді жоюды талап ету.

4.4.9. Мердігердің кемшіліктерді жою жөніндегі міндеттемелерін орындамауы жағдайында Жұмыстарды (немесе оның бір бөлігін) аяқтау немесе тоқтату туралы жазбаша хабарлау.

4.4.10. Кез келген уақытта Жұмыстардың/Шарт талаптарының сақталуының барысы мен сапасын, Жұмыстарды орындау мерзімдерін, материалдар мен жабдықтардың болуы мен сапасын, автокөліктің және арнайы техниканың болуын, Мердігердің (қосалқы мердігерлердің) мамандарының біліктілігін және т.б. өз күшімен немесе үшінші тұлғаларды тарта отырып тексеру, бұл ретте Мердігер тиісті қолжетімділікті қамтамасыз етуі тиіс. Тапсырыс беруші сәйкессіздіктерді және шарттық міндеттемелердің талаптарын бұзуды анықтаған жағдайда, Тапсырыс беруші анықталған бұзушылықтарды Тапсырыс беруші мен Мердігердің өкілдері қол қойған тиісті актіде көрсетеді (мердігердің актіге қол қоюдан бас тартуы Шартта көзделген тиісті шараларды қолданбауға негіз болып табылмайды), бұл ретте Мердігерге.(қосалқы мердігерге) осы сәйкессіздіктер жойылғанға дейін Жұмыстарды орындау үшін өндірістік объектілерге кіруден бас тартылуы мүмкін.

4.4.11. Жұмыстарды тоқтату, тоқтату және Нысанды сақтап қою туралы шешімдер қабылдау.

4.4.12. Мердігердің келісімінсіз жекелеген кезеңдер мен Жұмыс түрлерін Мердігердің тиісінше және сапалы орындауын бақылау үшін техникалық мамандарды, сарапшыларды қосымша тарту. Тапсырыс берушінің техникалық мамандары жекелеген жұмыс түрлерін жүргізу кезінде де, олардың нәтижелерін қарау кезінде де сапаны, технологиялардың сақталуын, қолданылатын жабдықтар мен материалдардың Жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкестігін бақылауға құқылы.

4.4.13. Мердігердің атауын, шот нөмірін және төлем мақсатын қоса алғанда, осы Шарт бойынша төлемдер сомасы туралы ақпаратты қамтитын «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның қауіпсіз мекенжайына банктік үзінді көшірме беру.

4.4.14. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның сұрауы бойынша осы Шарт бойынша кез келген ақпаратты ұсыну.

4.4.15. Мердігерден Шартты орындауға байланысты ақпарат пен құжаттарды, соның ішінде Мердігердің шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін сұрату.

4.4.16. Мердігермен келісу бойынша Жұмыстарды орындау үшін қолданылатын қолда бар материалдарды және басқа да мүлікті өзара есеп айырысу есебіне беру.

4.4.17. Егер Тапсырыс берушіде Жұмыстарға қажеттілікті азайту қажеттілігі туындаса, соның ішінде мұнай бағасының конъюнктурасы төмендеген кезде, Тапсырыс беруші өзіне мынадай құқықты қалдырады:

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.4.17.1. Шарттың қолданылу кезеңінде кез келген уақытта осы Шарттың 10.3-тармағына сәйкес Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты біржақты тәртіппен бұзу;

4.4.17.2. қосымша келісім жасасу жолымен Жұмыстарға қажеттілікті азайту. Бұл ретте, Шарттың 4.4.17.1 және 4.4.17.2-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, Тапсырыс беруші Мердігерге орындалған Жұмыстардың нақты көлемі үшін төлейді.

4.4.18. Тапсырыс берушінің аумағында (келісімшарттық/келісімшарттан тыс) кез келген уақытта және жерде/нысанда, Шарт талаптарына сәйкес, барлық көлік құралдары мен арнайы техниканы тиісті құжаттармен (ҚР көлік құралын тіркеу туралы куәлік, жүргізуші куәлігі, жол парағы, тауар-көлік жүкқұжаты, ТМҚ қабылдау-беру актісі және т.б.) тексеру және қарау. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және/немесе оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні келісімшарттық аумаққа немесе күзетілетін нысанға кіргізбеуге, сондай-ақ келісімшарттық аумақта құқық бұзушылық, қылмыс анықталған жағдайда аумақтан тыс жерге шығаруға немесе Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыруға құқылы.

4.4.19. Мердігерден өндірістік қуаттардың, активтердің және қаржылық тұрақтылықты растайтын басқа да құжаттардың болуын растауды сұрату, сондай-ақ Мердігерді көшпелі тексерулер жүргізу.

4.4.20. Орындау мерзімдерін (кестесін) сақтай отырып орындалатын жұмыстардың барысы мен сапасына, Мердігермен ұсынылатын материалдардың сапасына, сондай-ақ Тапсырыс берушінің материалдарын Мердігердің дұрыс пайдаланып жатқанын бақылау және қадағалау жүргізу.

4.4.21. Сынау және қабылдау кезеңінде нысанды пайдалану тәртіптемесін анықтау;

4.4.22. Қажет болған жағдайда нысанда іске қосу-баптау жұмыстарының ұйымдастырылуы мен жүргізілуін қамтамасыз ету;

4.4.23. Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда, Мердігер өзі жіберген бұзушылықтарды жойған сәтке дейін осы Шарт бойынша төленуі тиіс соманы ұстап қалу.

4.4.24. Мердігермен орындалатын Жұмыстардың түрлерін немесе көлемін біжақты тәртіпте, себептерін түсіндірместен азайту немесе алып тастау.

4.4.25. Мердігер осы Шарттан біржақты тәртіпте бас тартқан жағдайда, міндеттемелер бойынша толығымен өзара есеп айырысқанға дейін өз аумағында Мердігердің мүлкін ұстап тұру.

4.4.26. Жұмыстардың нәтижелерін шартта көрсетілген мақсатқа пайдалану мүмкіндігін жоққа шығаратын және Мердігермен, Тапсырыс берушімен немесе үшінші тұлғамен жойыла алмайтын кемшіліктер анықталған жағдайда, жұмыс нәтижелерін қабылдаудан бас тарту.

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Мердігер Жұмыстар (Жұмыстар кезеңі, Тапсырыс берушіден Жұмыстарды кезең-кезеңімен аяқтауды қабылдауға жазбаша мақұлдау алған жағдайда) аяқталғаннан кейін және Шарт бойынша барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін Тапсырыс берушіге Нысанның заңнама талаптарына сәйкес қабылдауға дайын екендігі туралы хабарлама жібереді. Құрылысы аяқталған Нысанды қолданысқа қабылдау жобалық-сметалық құжаттамаға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы Нормасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

5.2. Мердігер Нысанды қолданысқа алдын-ала қабылдау туралы Тапсырыс берушіні Жұмыстық және/немесе қабылдау комиссиясының қабылдауына дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын ескертеді.

5.3. Жұмыстардың нәтижелерін қабылдаудың ұсынылған күні бойынша Тапсырыс беруші тарапынан қарсылық болмаған жағдайда, Тараптар хабарламада көрсетілген күні Жұмыстардың нәтижелерін қабылдау-тапсыру үшін Жұмыстар орындалатын жерге Тараптардың уәкілетті өкілдерін жіберуге міндеттенеді.

5.4. Тапсырыс беруші Мердігермен бірлесіп орындалған Жұмыстардың сапасы мен көлемін тексереді және 10 (он) жұмыс күні ішінде осы актіге қол қойып, аяқталған Жұмыстарды Орындалған жұмыстарды қабылдау актісі/Нысанды пайдалануға қабылдау актісі бойынша қабылдайды.

5.5. Тапсырыс беруші Тапсырыс беруші белгілеген тәртіппен онлайн-платформаны пайдалана отырып, Орындалған жұмыстар актілерін электрондық форматта келісуді және қол қоюды талап етуге құқылы, ал Мердігер оларды келісуге және қол қоюға міндеттенеді.

5.6. Егер Тапсырыс беруші Жұмыстардың нәтижелерін қабылдау барысында Орындалған жұмыстардың кемшіліктерін анықтаған жағдайда, Тараптардың уәкілетті өкілдері осы Шарттың №7 Қосымшасындағы нысан бойынша ақаулық актін рәсімдеп, оған қол қоюға міндеттенеді. Ақаулық актін рәсімдегеннен кейін, Мердігер Тапсырыс берушінің таңдауы бойынша, ақаулық акті рәсімделген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірместен келесі әрекеттердің бірін жүзеге асыруға міндетті болады: - кемшіліктерді өз күшімен және өз есебінен жою; - Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына қайтарымның тиісті сомасын аудару жолымен Жұмыстар үшін белгіленген бағаны шамалас мөлшерде азайту; - Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына шығындардың тиісті сомасын аудару жолымен кемшіліктерді жоюға жұмсалған Тапсырыс берушінің шығындарын өтеп беру.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.7. Қабылдау комиссиясы кемшіліктердің, ақаулардың тізімін құрастырып, оларды жою үшін Тапсырыс беруші белгілеген мерзімен аспайтын ақылға қонымды мерзімді көрсетеді. Барлық кемшіліктің жойылу дерегі Нысанды қолданысқа біржола қабылдау актімен анықталады.

5.8. Орындалған Жұмыстарды қабылдау рәсімі Тапсырыс берушінің талаптарын қанағаттандыратын нәтиже алынған сәтке дейін қайталанады. Бұл ретте Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Жұмыстарға ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерінің басталуы осындай рәсімнің мерзіміне ұзартылады. Мердігер орындалған Жұмыстардағы кемшіліктерді жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Жұмыстардың құнын төлемеуге құқылы.

5.9. Мердігер анықталған кемшіліктер мен ақаулар туралы актіге қол қоюдан немесе оларды жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші өз ескертулерінің негізділігін растау үшін тәуелсіз сараптама тарту туралы мәселеге бастамашылық жасауға құқылы, оның шешімі екі Тарап үшін де міндетті болады. Тәуелсіз сараптама қызметтеріне ақы төлеу сараптама қорытындысына сәйкес кінәлі деп танылған Тарапқа жүктеледі.

5.10. Егер Жұмыстардың кезеңдерін қабылдау барысында немесе барлық Жұмыстарды толық қабылдау кезінде Жұмыстарда ауытқулар немесе орындалған Жұмыстардың сапасында кемшіліктер анықталса, Мердігер кемшіліктерді жою жөніндегі міндетті орындаудан жазбаша түрде бас тартса немесе Мердігер көрсетілген кемшіліктерді Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде жоймаса, Тапсырыс беруші Мердігерге тиесілі кезекті төлемдердің кез келгенін мөлшерлес азайтуға немесе өз есебінен анықталған кемшіліктерді жоюға және Мердігерден келтірілген шығыстар бойынша тиісті растайтын құжаттарды қоса бере отырып, осындай жою бойынша барлық шығыстарын өтеуді талап етуге құқылы.

5.11. Орындалған жұмыстар актісіне қол қою кезінде Тапсырыс беруші тиісті түрде орындалған Жұмыстардың бір бөлігін қабылдауға және барлық растайтын құжаттар болған жағдайда Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстардың осындай бөлігіне ақы төлеуге құқылы. Жұмыстардың қалған бөлігін қабылдауды Тапсырыс беруші Мердігер орындалған Жұмыстардағы кемшіліктерді жойғаннан кейін жүргізеді. Мердігер даусыз шот бойынша төлемді 30 (отыз) жұмыс күні ішінде алмаған жағдайда Тапсырыс берушіні хабардар етуі тиіс.

5.12. Егер Мердігер кемшіліктерді толық көлемде және бекітілген мерзімде жоймаса, онда Тапсырыс беруші Шарттың 7.2.5. тармағында көрсетілген айыппұл санкцияларын қолдануға құқылы болады.

5.13. Мердігер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылдау комиссиясының жұмысына қатысуға міндеттенеді. Мердігер нысанды пайдалануға қабылдау Актісін құрылыс саласындағы мүдделі мемлекеттік қадағалау органдарымен келіседі. Мердігер нысанды пайдалануға қабылдау Актісін жасауға қатысуға міндеттенеді, бұл ретте мердігер қабылдау комиссиясына техникалық қадағалаудың «құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытындысын», авторлық қадағалаудың «орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындысын», Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 234 бұйрығына сәйкес толтырылған орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының «сәйкестік туралы декларациясын» ұсынады. Сондай-ақ, Нысанды пайдалануға қабылдау актісі бекітілгеннен кейін Мердігер әрбір аяқталған құрылыс нысаны бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-да мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыруды өз есебінен және өз күшімен қамтамасыз етуге міндеттенеді.

5.14. Қабылдау комиссиясы, ал Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайда – мемлекеттік қабылдау комиссиясы актіге қол қойғаннан кейін Нысан біржолата қолданысқа қабылданды деп есептеледі.

5.15. Егер Жұмыстардың нәтижелерін шартта көрсетілген мақсатқа пайдалану мүмкіндігін жоққа шығаратын және Мердігермен, Тапсырыс берушімен немесе үшінші тұлғамен жойыла алмайтын кемшіліктер анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші жұмыс нәтижелерін қабылдаудан бас тартуға құқылы болады.

5.16. Мердігер құрылыс аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге қол қою үшін Нысанды пайдалануға қабылдау актісін жібереді және қосымша Тапсырыс берушіге екі Тарап қол қойған келесі құжаттарды ұсынады: • Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген нысан бойынша орындалған Жұмыстар мен шығындардың құны туралы анықтама; • атқарушы техникалық құжаттаманы, геодезиялық есептерді ұсына отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген нысан бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау Актісі; зертханалық талдаулар мен сынақ қорытындылары, бұйымдар мен жабдықтарға паспорттар, сәйкестік сертификаттары және басқалар; • Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 234 бұйрығына сәйкес техникалық қадағалаудың құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытындысы, авторлық қадағалаудың орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындысы және сәйкестік туралы декларация.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Барлық орындалған Жұмыстардың сапасы Шартқа қосымшаларда көзделген Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданыстағы нормативтік құжаттардың (МЕМСТ, ҚР СТ, ТШ, САЛАЛЫҚ СТАНДАРТ, техникалық регламент және т.б.) талаптарына толық сәйкес келуі тиіс.

6.2. Тараптар Нысанды түпкілікті қабылдау актіне қол қойған сәттен бастап 36 (отыз алты) күнтізбелік айға созылатын кепілдік мерзімі ішінде Мердігер Жұмыстардың нәтижелерін пайдалану мүмкіндігіне кепілдік береді. Кепілдік Жұмыстың нәтижесін құрайтын барлық элементтерге тарайды.

6.3. Егер Нысанды кепілдемелі қолдану кезеңінде қалыпты қолдану үшін кедергі келтіретін ақаулар мен кемшіліктер айқындалатын

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

болса, онда Мердігер Тапсырыс берушінің жазбаша Хабарлауынан бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өз қаражаты есебінен жоюы тиіс, бұл кезде Нысанның осы бөлігі үшін кепілдемелі мерзім ақауды жойғаннан кейін қабылдау кезінен бастап 36 (отыз алты) ай көлемінде бекітіледі. Кепілдік мерзімінің уақыты – Мердігер жауап беретін кемшіліктердің (ақаулардың немесе бітпей қалған жұмыстың) нәтижесінде нысан пайдаланыла алмаған бүкіл уақыт кезеңінде тоқтатыла тұрады.

6.4. Мердігер анықталған ақаулар және кемшіліктер актін жасаудан немесе оған қол қоюған бас тартқан кезде, Тапсырыс беруші оларды растау үшін тәуелсіз сараптаманы тарту туралы сұрақты бастамалауға құқылы, оның шешімі қос Тарап үшін міндетті болып табылады. Тәуелсіз сараптаманың қызметтері үшін төлем сараптаманың қорытындысына сәйкес кінәлі деп танылған Тарапқа жүктеледі.

6.5. Аяқталған нысанды пайдалану кезінде жасырын кемшіліктер, ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 630-бабында көзделген жалпы мерзімдер ішінде және Шарттың 6.2-тармағында көзделген кепілдік мерзімі ішінде өз таңдауы бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 635-бабында көзделген құқықтардың бірін жүзеге асыруға немесе Мердігерден Жұмыстарды өтеусіз қайта орындауды немесе Тапсырыс берушінің кемшіліктерді өз қаражатымен жоюға жұмсаған шығыстарын өтеуді талап етуге құқылы.

6.6. Мердігер пайдаланылатын материалдардың, конструкциялардың, жабдықтар мен жүйелердің тиісті сапасына, олардың жобалық спецификацияларға, мемлекеттік стандарттарға және техникалық шарттарға сәйкестігіне, олардың тиісті сертификаттармен, техникалық паспорттармен және олардың сапасын куәландыратын басқа да құжаттармен қамтамасыз етілуіне кепілдік береді.

6.7. Мердігер орындалатын Жұмыстарға барлық рұқсат беру құжаттары, оның ішінде орнатылатын қосалқы бөлшектер мен тораптарға рұқсаттар, лицензиялар, сертификаттар бар екеніне кепілдік береді.

6.8. Шарт талаптарынан ауытқулардың немесе өзге де кемшіліктердің анықталуы Мердігерді Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерден босатпайды және Тапсырыс берушіні орындалатын Жұмыстардың мерзімдеріне, көлемдері мен сапасына қатысты талаптарды одан әрі қою құқығынан айырмайды.

6.9. Мердігер осымен Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша Жұмыстардың нәтижелеріне айрықша құқықтар үшінші тұлғаларға берілмейтініне кепілдік береді. Үшінші тұлғалар Тапсырыс берушіге Жұмыстардың нәтижелеріне айрықша құқықтарға қатысты шағым-талаптар қойған жағдайда, Мердігер осы кепілдіктердің талаптарын бұзған жағдайда, осыған байланысты барлық залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Мердігердің жауапкершілігі:

7.2.1. Мердігер сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алу веб-порталында ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Мердігер оны мердігер төлеуі керек немесе Тапсырыс беруші Мердігер төлеуі тиіс немесе тараптар Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін сатып алу туралы шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі жауапкершілікті көтереді.

7.2.2. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарттың жалпы сомасының (орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан) 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

7.2.3. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарттың сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алады.

7.2.4. Мердігер Шартпен келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін негізсіз өткізіп алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақытында орындалмаған Жұмыстардың құнынан 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ @Шартты жалпы сомасының (немесе орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан) 10%-нан артық болмайтын өсімпұл төлеуге міндетті.@

7.2.5. Мердігер Жұмыстар бойынша ескертулерді жою Шартпен келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін өткізіп алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Жұмыстар бойынша дер кезінде жойылмаған кемшіліктердің құнынан 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шартты жалпы сомасының (немесе орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан) 10%-нан артық болмайтын өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.6. Осы Шартты орындау үшін тартылған жұмыскерлерге еңбек жалақысын белгілеу бойынша Міндеттемелер шартының талаптарына сәйкес орындамаған жағдайда Мердігер орындалған жұмыстарды қабылдап алуды - беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Мердігермен төленуі немесе Тапсырыс берушімен шегеріліп қалуы тиіс Шарттың жалпы құнынан

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілікті өзіне алуға жауапты болады.

7.2.7. Шартты орындау үшін тартылған мердігер қызметкерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарын ұлғайту жөніндегі міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Мердігер төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші тараптар орындалған жұмыстарды қабылдап алуды – беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін шегерілуі мүмкін Шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады.

7.2.8. Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша (Жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алу жағдайларын қоспағанда) орындалуы жүзеге асырылмаған немесе тиісінше орындалмаған Жұмыстардың жалпы құнының 10% мөлшерінде, осы Шарт бойынша Мердігердің міндеттемелерді орындамауының және (немесе) тиісінше орындамауының әрбір жағдайы үшін (соның ішінде отандық материалдарды/тауарларды сатып алу міндеттемелері) айыппұл төлеуге міндетті;

7.2.9. Мердігердің, сондай-ақ оның қосалқы мердігерлерінің Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын қызметкерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 2000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді;

7.2.10. Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды мердігерлік ұйымдарға қатысты сақтамағаны/бұзғаны үшін Мердігер/қосалқы мердігер Шартқа №5 Қосымшада көзделген жауапкершілікте болады;

7.2.11. Осы Шарттың 7-бөлімінде және Шартқа №5 Қосымшада көзделмеген, осы Шартты орындау кезінде өзге де бұзушылықтар анықталған жағдайда, Мердігер осы Шартқа сәйкес ресімделген құжаттың негізінде 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді;

7.2.12. Тапсырыс беруші Шарттың 8.2.2-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзған кезде, Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың 7.2.8-тармағында көзделген айыппұлды төлеуге міндетті;

7.2.13. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлемді жүзеге асырған және Мердігер белгіленген мерзімде осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) Шартты тоқтатқан (оның ішінде оны бұзу арқылы) жағдайда, Мердігер бұл туралы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзіміне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Тапсырыс берушіні хабардар етуге және Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша (шығысы жұмыстарды/қызметтерді/тауарларды қабылдау актілерімен расталмаған) алынған ақшалай қаражатты талап жіберілген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін қайтаруға жататын соманың 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын өсімпұлды әрбір мерзімі өткен күн үшін төлеуге міндетті;

7.2.14. Мердігер Күнтізбелік кестені бұзған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге Күнтізбелік кестемен белгіленген, бұзушылыққа жол берілген есепті ай үшін орындалмаған Жұмыс көлемі сомасының 5% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті;

7.2.15. Жұмыстарды орындау кезінде құрылыс технологиясын бұзғаны, техникалық құжаттаманы нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген нормаларды бұза отырып жүргізгені, өндірістік (арнайы) журналдарды, жасырын және аралық жұмыстар актілерін, зертханалық қорытындылар мен геодезиялық есептерді, жұмыс өндірісі жобасын уақытында жасамағаны (толтырмағаны) немесе болмауы және тапсырыс берілген жабдықтар мен материалдар бойынша құрылыс нысаны туралы мәліметтер мен ақпаратты ұсынбағаны үшін Мердігер Шарттың жалпы құнының 0,01% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 5%-нан аспайтын айыппұл төлейді;

7.2.16. Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді бұзған/орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Шарттың 7.2-тармағында көзделген тұрақсыздық айыбын/айыппұлды/өсімпұлды төлеу туралы талаптардан басқа, Тапсырыс беруші 8.2.2-тармаққа сәйкес шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы;

7.2.17. Кімнің пайдасына тұрақсыздық айыбы төленетін болса, сол Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұлдан, айыппұлдан) тыс толық сомада өтелуге тиіс.

7.2.18. Тапсырыс беруші өз күшімен және өз есебінен Жұмыстардағы ақауларды және/немесе кемшіліктерді жойған жағдайда, Мердігер мұндай шығындарды Тапсырыс берушіге өтейді;

7.3. Мердігер осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомадан осы Шарт бойынша Мердігердің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келіседі.

7.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.4.1. Шарт бойынша төлемдерді (оның ішінде аванстық төлемдерді) кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасын 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс.

7.4.2. Мердігерге ұсынылған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтаруды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін аванстық төлем сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ аванстық төлем сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс.

7.4.3. Мердігер ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс.

7.4.4. Тапсырыс беруші Жұмыстарды қабылдауды кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден мерзімі өткен күнтізбелік әрбір күн үшін Орындалған жұмыст актісінің сомасынан 0,1% мөлшерде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан (не орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан) 10% аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.4.5. Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден мерзімі өткен күнтізбелік әрбір күн үшін Орындалған жұмыст актісінің сомасынан 0,1% мөлшерде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан (не орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан) 10% 10

7.4.6. Тапсырыс беруші құжаттарды негізсіз кешіктіріп ұсынған (егер шарт талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Мердігерге Жұмыстарды орындау үшін құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Мердігер Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден кешіктіруден келтірілген залалдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуді талап етуге, сондай-ақ Жұмыстарды орындау мерзімін Шарттың талаптарына өзгерістер енгізбестен, осындай кешіктіруге мөлшерлес ұзартуға құқылы.

7.5. Тапсырыс беруші алдын ала төлем жасағаннан аз сомаға Жұмыстарды нақты орындаған кезде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген аванты қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

7.6. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды.

7.7. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан Мердігердің Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзғаны үшін оған аударылған және осы шығындарға байланысты туындаған айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.8. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта белгіленген міндеттерді орындаудан босатпайды.

7.9. Тұрақсыздық айыбын Мердігер тиісті хабарламаны және төлемге шот-фактураны алған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде төлейді. Мердігер Тапсырыс берушінің Мердігерге тұрақсыздық айыбын төлеу үшін ұсынған шотының орындалған Жұмыстарға ақы төлеу және тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша біртекті қарсы талаптарды есепке жатқызу мақсатында Өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеру актісіне енгізілуі мүмкін екендігіне келіседі.

7.10. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан Мердігерге оның Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін және осыған байланысты туындаған залалдар үшін есептелген айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.11. Тапсырыс беруші төлеген аванстық төлемнен аз сомаға Жұмыстарды нақты орындау кезінде Шарттың қолданылуы тоқтатылған (соның ішінде бұзылған) жағдайда, Тапсырыс беруші аванты қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

7.12. Егер Мердігер Жұмыстардың уақтылы орындалмауы немесе Мердігердің барлық немесе бір бөлігін орындамауы Тапсырыс берушінің кінәсінен болғанын дәлелдесе, Тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын қолданбауға/өндіріп алмауға құқылы.

7.13. Шарттың 7-бөлімінде көзделген бір немесе бірнеше жағдай туындаған кезде, Тапсырыс беруші бір мезгілде бірнеше айыппұл санкцияларын қолдануға шектеусіз құқылы.

7.14. Кімнің пайдасына тұрақсыздық айыбы төленетін болса, сол Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұлдан, айыппұлдан) тыс толық сомада өтелуге тиіс.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес енгізіледі.

8.2. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

8.2.1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.2.2. Мердігер өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда бұзуға құқылы.

8.2.3. Жұмыстардың негізделген орынсыздығына байланысты, атап айтқанда:

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

8.2.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

8.2.3.2. Өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда Тапсырыс берушінің Алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің шешімі негізінде (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда); Жұмыстардың негізделген орынсыздығына байланысты Тапсырыс беруші Мердігерге ол нақты іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда Сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға жол беріледі.

8.3. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшесі атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.4. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.5. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Мердігерге Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын тиісті жазбаша хабарламаны жібереді. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде Мердігер Шартты орындаумен байланысты, оны бұзатын күні іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқығы бар. Алдын ала хабарлама бойынша міндеттемелер Мердігердің шарт бойынша міндеттемелерді авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде бұзған жағдайларына қолданылмайды.

8.6. Жобаға немесе жасалған Шартқа Мердігерді таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге болмайды.

8.7. Тараптардың бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде. Жұмыстардағы негізделген орынсыздыққа байланысты сатып алу шартын орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Мердігерге оның нақты шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.

8.8. Шартты бұзу Мердігерді банкрот деп жариялаған, төлемге қабілетсіз деп танған, сондай-ақ Жұмыстарды жүзеге асыру құқығына рұқсат беру құжаттарының (лицензиялардың), соның ішінде Мердігерді Жұмыстарды орындау құқығынан айыратын басқа да құжаттардың қолданылуы тоқтатылған/болмаған жағдайларда дереу жүзеге асырылады. Осы тармақтың қолданылуын Тапсырыс беруші сондай-ақ Мердігердің Шарт бойынша міндеттемелерін орындауын шектейтін сот актілері, сот орындаушыларының қаулылары негізінде қолдануы мүмкін.

8.9. Мердігер Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі талаптарын, жол қозғалысы ережелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартты бұзу жолымен Мердігерге Жұмыстарды әрі қарай орындауға тыйым салуға құқылы болады немесе тыйым салуға негіз болған себептер жойылған сәтке дейін Жұмыстардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы болады. Бұл ретте мұндай жағдай осы Шартпен белгіленген Жұмыстарды орындау мерзімін ұзартуға негіздеме болып табылмайды.

8.10. Егер Мердігердің жұмыскері немесе Жұмыстарды орындау үшін Мердігермен тартылған үшінші тұлға Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі талаптарын, жол қозғалысы ережелерін бұзатын болса және бұл – Тапсырыс беруші мен Мердігердің жұмыскерлерінің өмірі мен денсаулығына зиян келтіруді қоса алғанда жазатайым уақиғаны, апатты және оқыс оқиғаларды тудырған немесе тудыруы мүмкін болса, Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіпте бұзады.

8.11. Егер Мердігерге Тәртібінің 31 бап, 1 тармақ бойынша көрсетілген шектеулер қойылса, Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты бас тартуға құқылы.

8.12. Мердігер және оның қосалқы мердігерлері/бірлесіп орындаушылары Мердігердің жұмыскерлері болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдік азаматтарға еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол берген жағдайда Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға (шартты бұзуға) құқылы болады, бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушіге келтірілген шығындарды, сондай-ақ осы Шарттың 4.1.14 тармағын бұзғаны үшін шығындарды өтеп береді.

8.13. Тараптар кез-келген уақытта екіжақты келісім бойынша Шартты бұза алады.

9. Техникалық, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ еңбек қатынастары саласындағы талаптар

9.1. Мердігер міндетті:

9.1.1. Жұмыстарды орындауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, соның ішінде Тапсырыс берушінің еңбек

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қатынастары, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) саласындағы, Қазақстан Республикасының мұнай-газ өндіру өнеркәсібіндегі табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі регламенттейтін құжаттарына сәйкес қамтамасыз ету.

9.1.2. Тапсырыс беруші, мемлекеттік бақылаушы органдар, басқа да мүдделі тұлғалар алдында қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесінің талаптарын сақтамау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және еңбек қатынастары саласындағы бұзушылықтар нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар мен салдарлар үшін толық жауапкершілік көтеру.

9.1.3. Мердігердің және оның жұмыскерлерінің қызметі нәтижесінде болған оқиғалар салдарынан Тапсырыс берушіге мемлекеттік бақылаушы органдардың залалды өтеу және айыппұл санкцияларын төлеу жөніндегі талаптарын ұсыну жағдайында, Тапсырыс берушіге залал мен айыппұл сомаларын төлеуге байланысты барлық шығыстарды толық көлемде өтеу.

9.1.4. Қауіпті қалдықтарды тасымалдау кезінде экологиялық талаптарды сақтау.

9.1.5. Шарт талаптарын, Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының (Саясаттар, Ережелер, соның ішінде Алтын ережелер, нұсқаулықтар, регламенттер және т.б.), сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың, соның ішінде еңбек және экологиялық заңнаманың қауіпсіздік және еңбекті, өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігін қорғау жөніндегі талаптарын сақтау. қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы, Қауіпсіз қызмет көрсету тұжырымдамасын қолдау және нөлдік травматизмге ұмтылу. Мердігер осы бөлімде көзделген қажетті шарттарды, талаптар мен стандарттарды және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге қалған Жұмыс көлемін орындауға тыйым салуға, Шартты бұзуға немесе тыйым салуға негіз болған себептер жойылғанға дейін Жұмыстарды орындауды тоқтата тұруға құқылы, немесе Жұмыстардың көлемі тек Тапсырыс беруші мүмкін деп санайтын жұмыстарға дейін қысқартылуы мүмкін. Бұл ретте Мердігер Шарттың мерзімдеріне сәйкес Жұмыстарды уақтылы орындауға жауапты болады.

9.1.6. Жұмыстардың қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін мамандандырылған көлікпен және/немесе жабдықпен орындалуын қамтамасыз ету.

9.1.7. Өз есебінен Мердігерге қажетті барлық рұқсат беру құжаттарын, соның ішінде мемлекеттік және басқа органдардан Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға лицензияларды, сертификаттарды және өзге де рұқсаттарды, соның ішінде Мердігердің барлық жұмыскерлеріне, агенттеріне немесе қызмет көрсететін жұмыскерлеріне, еңбек қызметі Жұмыстарды орындаумен байланысты, кіру визаларын, тұруға рұқсаттарды, жұмыс істеуге рұқсаттарды алу және толық күшінде және қолданыста сақтау.

9.1.8. Жұмыстар орындалатын объектіде қауіпсіздік және еңбекті, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін, қоршаған ортаны қорғауды, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қажетті іс-шараларды орындауды қамтамасыз ету.

9.1.9. Мердігер Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін жеткілікті персоналдың тұрақты болуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талабы бойынша Жұмыстарды орындауға қатысатын кез келген Мердігер персоналын ауыстыруға міндетті, егер ол: • өз міндеттерін орындау кезінде біліксіздік немесе немқұрайлылық танытса, немесе Тапсырыс берушінің мүдделеріне қайшы келетін немесе зиян келтіретін қызметке қатысса; • қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Шарт талаптарын сақтамаса.

9.1.10. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі барлық ішкі талаптарын орындауды қамтамасыз ету, ал қажет болған жағдайда, Мердігердің қызметін Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келтіру жөніндегі іс-шараларды орындау. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ ПСП Қызметімен келісілуі және Мердігер мен Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдерімен бекітілуі тиіс;

9.1.11. Мердігер жұмыскерлерінің Жұмыстарды орындау алдында дайындығын және Заңнамалық талаптарға сәйкес денсаулық жағдайын ауысым алдындағы/рейс алдындағы медициналық куәландырудан өтудің тиісті тәртібін қамтамасыз ету;

9.1.12. Тапсырыс берушіге Жұмыстарды орындау учаскесінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын орындауға жауапты өз уәкілетті өкілінің және басқа да Мердігер жұмыскерлерінің тегін хабарлау;

9.1.13. Осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін Қосалқы мердігерлерді тарту жағдайында, Мердігер Тапсырыс берушіге Қосалқы мердігердің Шартта көрсетілген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарына сәйкестігі туралы ақпаратты ұсынуға және Тапсырыс берушіден Шарттың 3.3-тармағына сәйкес Рұқсат – наряд алуға міндетті. Мердігер Қосалқы мердігерлермен жасалатын шарттарға осы бөлімде көзделген шарттарды енгізуге және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Мердігер Қосалқы мердігерлермен жасалған шарттардың көшірмелерін ұсынуға және Тапсырыс берушіде мәтін бойынша ескертулер болған жағдайда, шартқа тиісті өзгерістер енгізуді қамтамасыз етуге міндетті;

9.1.14. Мердігердің осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау процесінде қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындау кезінде наряд-рұқсат ресімдеу. Рұқсат-наряд нысаны және толтыру ережесі Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарымен және 9.1.14.1,9.1.14.2.,9.1.14.3.,9.1.14.4., 9.1.14.5. тармақшаларын ескере отырып белгіленеді. Осы Шарттың Мердігердің қызметкерлеріне және жұмыстарды орындау үшін мердігер тартқан үшінші тұлғаларға жұмыстардың жауапты басшысының және жұмыс өндірушінің рұқсатынсыз, сондай-ақ рұқсат-нарядты ресімдеусіз қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындауға кірісуге тыйым салынады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.1.14.1. Мердігер Тапсырыс берушінің аумағында жұмыстарды/қызметтерді орындау кезінде қажетті барлық наряд-рұқсаттарды ресімдеу үшін Тапсырыс беруші ұсынған электрондық наряд-рұқсаттама (СЭНД) жүйесін пайдалануға міндеттенеді. СЭНД жүйесін пайдалану Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес наряд-рұқсаттарды ресімдеуге байланысты жұмыстардың барлық санаттары үшін міндетті болып табылады.

9.1.14.2. СЭНД жүйесінде құжаттарға электрондық түрде қол қою мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін мердігер қажетті техникалық және технологиялық инфрақұрылымды ұйымдастыруға міндетті, оның ішінде: Интернет желісіне қол жеткізу; - Мердігердің заңды тұлғасына тіркелген жұмыс станциясы (компьютер) және электрондық-цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) сертификаттары - "ұйым қызметкері"; -немесе ЭЦҚ жазылған KAZTOKEN NFC Смарт - картасы-мердігердің заңды тұлғасына және Android операциялық жүйесі бар және NFC функциясын қолдайтын мобильді құрылғыға тіркелген "ұйым қызметкері"; - немесе e-Gov Mobile мобильді қосымшасы орнатылған мобильді құрылғы

9.1.14.3. Мердігер өз есебінен 9.1.14.2-тармақта көрсетілген техникалық және технологиялық инфрақұрылымды қоса алғанда, өз қызметкерлерін СЭНД-те жұмыс істеу үшін барлық қажетті құралдармен қамтамасыз етуге міндеттенеді.

9.1.14.4. Мердігер толық жауап береді: * өз қызметкерлерін СЭНД жүйесімен жұмыс істеу үшін қажетті инфрақұрылыммен уақтылы қамтамасыз ету; * осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде инфрақұрылымды жұмыс жағдайында ұстау; * Сэнд пайдалануға кедергі келтіруі мүмкін техникалық немесе ұйымдастырушылық кедергілерді мүмкіндігінше қысқа мерзімде жою.

9.1.14.5. 9.1.14.1,9.1.14.2.,9.1.14.3.,9.1.14.4.-тармақтардың талаптары сақталмаған жағдайда, Мердігер осы Шарттың талаптарына, сондай-ақ Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарына сәйкес жауапты болады.

9.1.15. Мердігердің барлық жұмыскерлерінің тиісті кәсіптерде сапалы Жұмыстарды орындау үшін қажетті тәжірибесі мен біліктілігі болуын, еңбек тәртібін сақтауын және Жұмысқа немесе оның орындалуына қатысты барлық белгіленген Заңнамалық талаптарды және Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптарын орындауын қамтамасыз ету. Мердігер Жұмыстарды өз қызметін жүзеге асыратын саланың (индустрияның) ең жоғары стандарттары бойынша орындауы тиіс. Қажет болған жағдайда, Тапсырыс берушінің талабы бойынша Мердігер Жұмыс учаскесіне кіру үшін талап етілуі мүмкін Мердігер жұмыскерлерін қосымша оқытуды өз есебінен қамтамасыз етеді (мысалы, жүргізушілер үшін қорғаныш және қысқы жүргізу).

9.1.16. Тапсырыс берушіні Мердігер және (немесе) Қосалқы мердігерлер жұмыскерлерінің денсаулығы мен өміріне келтірілген зиянға, Мердігердің жабдықтарының немесе меншігінің жоғалуына, зақымдануына немесе пайдалану мүмкін еместігіне қатысты кез келген және барлық жауапкершіліктен, залалдан, талаптан немесе шығыннан (соның ішінде сот шығындары мен шығыстарды) қорғау, өтеу және сақтау, егер бұл орын алса, және Тапсырыс берушінің немқұрайлылығына немесе міндеттемелерін бұзуына қарамастан, өйткені осы тармақшаға сәйкес, Мердігердің жабдықтары немесе меншігі деп ... саналады. Мердігердің Жұмыстарды орындау үшін меншігінде, жалдауында немесе ұсынылуындағы жабдықтар.

9.1.17. Тапсырыс берушіні Мердігер жұмыскерлерінен, жабдықтарынан немесе меншігінен шығатын кез келген қоршаған ортаның ластануымен байланысты кез келген жауапкершіліктен немесе шығыннан қорғау, өтеу және сақтау.

9.1.18. Жұмыскерлерге және Жұмыстарды орындау үшін Мердігермен тартылған үшінші тұлғаларға тікелей жұмыс орнында және қауіптілігі жоғары жұмыстарды бастар алдында масатты нұсқамалықтардың жүргізілуін қамтамасыз ету.

9.1.19. Мердігер осы Шартты жасаса отырып, "Қазгермұнай "БК "ЖШС-де еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі корпоративтік стандарттың және" Қазгермұнай "БК "ЖШС-нің Мұнай кәсіпшілігіндегі өткізу және объектішілік режим қағидаларының www.kgm.kz ресми сайтында орналастырылған талаптарымен танысқанын және оларды орындауға міндеттенетінін растайды.

9.2. Оқиғалар, ағымдағы көрсеткіштер туралы хабардар ету және тергеу жүргізу саласында:

9.2.1. Анықталған сәттен бастап 1 сағаттан кешіктірмей, дереу Тапсырыс берушіге барлық оқиғалар туралы, соның ішінде дәрігерге дейінгі және/немесе білікті медициналық көмек көрсету жағдайлары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ/«Embімұнайгаз» АҚ алкоголь, есірткі құралдары, психотроптық заттар және олардың аналогтарына қатысты Саясатты бұзу туралы мәліметтерді ұсыну;

9.2.2. Оқиғаларды Заңнамалық талаптарға, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес тергеуді ұйымдастыру. Оқиғаларды тергеу Заңнамалық талаптарға және Тапсырыс берушінің ішкі талаптарына сәйкес көзделген тәртіппен, Тапсырыс беруші, Мердігер және тартылған Қосалқы мердігерлер (егер қажет болса) өкілдерінің, сондай-ақ Заңнамада көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдар өкілдерінің міндетті қатысуымен комиссиямен жүзеге асырылады. Тергеу комиссиясына қатысудан бас тартуға жол берілмейді;

9.2.3. Ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) күніне дейін Тапсырыс берушінің еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің жазбаша сұрауы бойынша, есептілік нысандарына сәйкес, денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы өз жұмысының нәтижелері туралы ақпаратты жедел ұсыну, онда мынадай мәліметтер қамтылған: • жұмыс уақытын жоғалтумен байланысты барлық жазатайым оқиғалар (өндіріспен байланысты және байланысты емес), жол-көлік оқиғалары, сондай-ақ оқиғалар (апаттар, өрттер, жарылыстар, мұнай және мұнай өнімдерінің төгілуі, адамдардың өмірі мен денсаулығына және/немесе қоршаған ортаға зиян келтірген, мүлікке және жабдыққа материалдық зиян келтірген жағдайлар) туралы; • Тапсырыс берушінің объектілерінде Жұмыстарды (қызметтерді көрсету) үшін тартылған Мердігер жұмыскерлерінің саны, жұмыс

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

істелген жұмыс уақытының саны, Мердігер персоналының Жұмыс жүргізу орнында жұмыс істеген уақыты; • автотехниканың жалпы саны, сондай-ақ Тапсырыс беруші үшін Жұмыстарды орындауда жұмыс істейтін Мердігер автокөлік құралдарының жиынтық жүрісі; • қауіпсіздік және еңбекті, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін қорғау бойынша оқытудан өткен жұмыскерлердің саны бойынша; • қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларға жұмсалған шығындар бойынша.

9.2.4. Тапсырыс берушінің өндірістік объектілерінде жұмыс істейтін, қызметі тікелей немесе жанама түрде Мердігердің қызметімен байланысты оқиғаны тергеуге қатысу және оны тергеуді Тапсырыс беруші өзінің ішкі рәсіміне сәйкес бастамашылық еткен. Тапсырыс берушінің өндірістік объектілерінде Жұмыстарды орындау кезінде Мердігерде болған оқиғалардың тікелей және түпкілікті себептерін тергеу және талдау жөніндегі комиссияның құрамына Тапсырыс берушінің жауапты тұлғасын енгізу.

9.3. Көлік қауіпсіздігі саласында:

9.3.1. Тапсырыс берушінің кен орнында орналасқан Мердігердің арнайы техникасы, автокөліктері және/немесе автобустары жақсы жұмыс істейтін техникалық жағдайда болуы, барлық қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкес келуі, сондай-ақ GPS терминалдары жүйесімен жабдықталуы тиіс. Мердігер барлық GPS терминалдарын Тапсырыс берушінің бірыңғай GPS мониторинг платформасына, жол парағында берілген маршрутты, жылдамдық режимін, жол парақтарын есепке алуды және қозғалыс қауіпсіздігі үшін қажетті басқа да параметрлерді бақылау үшін «Көлікпен қамтамасыз етуді есепке алу» ақпараттық жүйесімен (КҚЕАЖ) интеграциялау үшін қосуы тиіс. Мердігер қауіпті жүктерді (сұйытылған көмірсутекті газ, мұнай, газоконденсат, қалдықтар және т.б.) тасымалдайтын көлік құралдарын цистернадағы сұйықтық деңгейін үздіксіз өлшеуді қамтамасыз ететін, оларды тасымалдау деректерін мониторингілейтін Тапсырыс берушінің диспетчерлік қызметіне қосумен GPS терминалдары жүйесіне байланған өлшеу құралдарымен қамтамасыз етуі тиіс. Мердігер автокөліктің белгілі бір мердігерлік ұйымға тиесілігін жедел анықтау үшін барлық автокөлік түрлеріне тану белгілерін (логотиптер, тақтайшалар, т.б.) орнатуы тиіс. Автокөлік құралдарының шиналары жол қозғалысы ережелерінің тиісті талаптарына сәйкес протектор суретінің жеткілікті биіктігіне ие болуы, қысқы кезеңде - алдыңғы және артқы қысқы шиналармен жабдықталуы тиіс.

9.3.2. Мердігер мыналарды қамтамасыз етуі тиіс: • жүргізушілерді оқыту және жеткілікті біліктілік; • көлік құралдарына жүйелі ТО жүргізу; • жүргізушілердің мерзімді медициналық тексеруден өтуі; • тұрақты және тұрақты емес жолаушылар, багаж, жүктер, соның ішінде қауіпті жүктер тасымалы маршруттарында жұмыс істейтін көлік құралдары жүргізушілерінің рейс алдындағы және рейстен кейінгі тексеруден өтуі.

9.3.3. Қауіпсіздік қағидалары және ЖКО туындаған жағдайда жауапты қызметтердің уақтылы ден қоюы шеңберінде мердігердің барлық көлік құралдары көлік құралдарының мониторингі жүйесімен (GPS Трекерлерімен) жабдықталуы тиіс, ал басқару пульті (жылжымалы құрам картасы) Тапсырыс берушіде болуы тиіс. Бұл ретте, Мердігер Тапсырыс берушінің ақпараттық жүйесіне деректерді онлайн-режимде (әр 30 секунд сайын кемінде бір хабарламаны жаңарту жиілігімен) ұйымдастыру және беру бөлігінде, оның ішінде жүйелерді интеграциялау үшін қажетті техникалық ақпаратты, қолжетімділікті және консультациялық қолдауды беруді қоса алғанда, REST API арқылы тапсырыс берушіге толық жәрдемдесуді қамтамасыз етуге міндетті.

9.4. Жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) қамтамасыз ету және қолдану саласында:

9.4.1. Мердігердің барлық персоналы жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуі және оларды Жұмыс өндірісі орнында тұрғын үй-жайлардан тыс жерде болған кезде пайдалануы тиіс.

9.4.2. Тапсырыс берушінің объектілеріне Жұмыстарды орындау үшін алғаш рет келген Мердігердің барлық персоналы кәсіпорындағы БжЕОТ инженерінен немесе осы үшін арнайы уәкілетті басқа тұлғадан кіріспе нұсқама алуы тиіс.

9.4.3. Жұмыс жүргізу орнында Мердігер персоналының Азаматтық қорғаныс және еңбекті қорғау қауіпсіздігі саласында тиісті оқытудан және аттестаттаудан өткенін растайтын белгілері бар куәлігі болуы тиіс.

9.4.4. Мердігер Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілінің бірінші талабы бойынша Азаматтық қорғаныс және еңбекті қорғау қауіпсіздігі бойынша оқыту және аттестаттау, Тапсырыс берушінің объектілерінде Жұмыстарды орындайтын персоналға нұсқама беру Графиктерін ұсынуы тиіс.

9.5. Алкоголь, есірткі және уытты заттарды тұтынуға тыйым салу:

9.5.1. Мердігер міндетті: • алкогольдік, есірткілік немесе уытты мас күйіндегі персоналды Жұмысқа жібермеу (жұмыстан шеттету); • өндірістік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті заттарды қоспағанда, Жұмыс өндірісі орнында және персоналдың тұратын жерлерінде алкоголь, есірткі немесе уытты заттарды алып жүруге және болуына жол бермеу.

9.5.2. Көрсетілген шектеулерді бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Тапсырыс беруші Жұмыс өндірісі орнына және персоналдың тұратын жеріне жеткізілетін барлық көлік құралдарын, заттар мен материалдарды тексеруге және қарауға құқылы.

9.5.3. Егер осындай қарау нәтижесінде көрсетілген тыйым салынған заттар немесе мас күйіндегі персонал анықталса, олар Жұмыс жүргізу немесе тұру орнына жіберілмейді.

9.5.4. өндірістік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті заттарды қоспағанда, алкоголь, есірткі немесе психотроптық заттар жұмыс орындарының орнында және жұмыскерлердің тұратын жерлеріне әкелінуіне және болуына жол бермеуге

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.5.5. осы Шарттың 9.5.4.-тармағында көрсетілген міндеттемелерді бұзғаны үшін мердігерге осы Шарттың 9.5.6.-тармағында белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбы қолданылады. Көрсетілген бұзушылықтар бойынша жеткілікті дәлел болып табылады: шарттық міндеттемелерді бұзуды тіркеу актісі, фото және видео тіркеу, шарттық міндеттемелерді бұзуға байланысты түсіндірме және өзге де құжаттар.

9.5.6. 9.5.4-тармақта көрсетілген шарттар бұзылған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша 30 АЕК (тиісті жылға қолданыстағы заңнамада белгіленген айлық есептік көрсеткіш)мөлшерінде айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

9.6. Еңбек қатынастары саласында:

9.6.1. Шарт бойынша жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) барысында Мердігер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын, соның ішінде мына бөліктерде мүлтіксіз сақтауға міндеттенеді: 1) еңбек шарттарын жасасу тәртібі, олардың мазмұны мен нысанына қойылатын талаптар; 2) тұлғаны жұмысқа тек еңбек шартын жасасқаннан кейін ғана жіберу; 3) жұмыс уақытының ұзақтығы мен режимі; 4) ауысымдық жұмыс және еңбекті ұйымдастырудың вахталық әдісі; 5) түнгі уақыттағы және үстеме жұмыс; 6) жұмыскерлердің демалысы; 7) еңбекақының ең төменгі мөлшері және еңбекақы саласындағы кепілдіктер; 8) жалақыны төлеу тәртібі мен мерзімдері.

9.6.2. Қазіргі заманғы өндіріс мәдениеті, денсаулық сақтау, жұмысқа қабілеттілікті және еңбек өнімділігін арттыру деңгейін қамтамасыз ету мақсатында өз жұмыскерлері үшін келесі әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз ету: 1) Шартты орындау кезінде жұмыс істейтін Мердігердің барлық өндірістік қызмет орындарында ыстық тамақ пен ауыз су, атап айтқанда: - жұмыскерлерді қанағаттандыратын сапалы тамақтануды қамтамасыз ету, күнделікті бақылауды ұйымдастыру. Тағамның сіңімділігі жоғары, дәмі жақсы, қолданылатын өнімдердің әртүрлілігі, химиялық құрамы дұрыс болуы, организмнің қажеттіліктерін толық қанағаттандыруы тиіс. Ауыр физикалық еңбекпен айналысатын жұмыскерлер үшін ұсынылатын энергия, ақуыз, май және көмірсулар тұтынуы күніне 3450-ден 3600 ккал-ға дейін болуы тиіс. Осыған байланысты жұмыскерлердің тамақтану рационы жұмсалған энергияны толықтыруы және бір түскі ас (кешкі ас) үшін кемінде 1500 ккал құрауы тиіс; - деформацияланған, шеттері сынған, жарылған, сынықтары бар, эмалі зақымдалған ас үй және асхана ыдыстарын; алюминийден жасалған асхана аспаптарын; пластмассадан және престелген фанерадан жасалған кесу тақтайларын пайдалануға жол бермеу; - тамақ дайындау орындары санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келуі тиіс, термоспен тамақтандыру жағдайында, сондай-ақ Мердігер жұмыскерлерінің тамақты дайындау және қабылдаудың барлық кезеңдерінде жоғарыда көрсетілген талаптарды сақтауын қамтамасыз ету қажет. 2) Тапсырыс берушінің объектілерінде (қаладан тыс жерде, жұмыс процесі вахталық әдіспен жүзеге асырылатын жерде) жұмыс істейтін жұмыскерлерді тұрғын үймен қамтамасыз ету, атап айтқанда: - вахталық әдіспен жұмыс істейтін жұмыскерлерді өндіріс объектісінде болған кезеңде тұрғын үймен қамтамасыз ету. Жатақханалардың тұрғын бөлмелерінің ауданы бір адамға кемінде 6 м2 есебінен анықталады; - төсек-орын жабдықтарын, сүлгілерді және басқа да жұмсақ инвентарды аптасына кемінде 1 рет ауыстыруды жүзеге асыру; - жуғыш, дезинфекциялаушы құралдарды қолдана отырып, құрғақ және ылғалды жинауды қажеттілігіне қарай күн сайын, бірақ күніне кемінде 1 рет жүргізу; - өрт қауіпсіздігі шараларын, өрт сигнализациясы мен түтін датчиктерінің үздіксіз жұмысын, ішкі өртке қарсы қорғаныс жүйесімен қамтамасыз ету; - электр жабдықтары мен желілерінің, салқындату-жылыту жүйелерінің, ыстық және суық сумен жабдықтау жүйелерінің, желдету жүйелерінің үздіксіз және апатсыз жұмысын қамтамасыз ету, сондай-ақ профилактикалық жұмыстарды жүргізу; - санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес жатақханаларды тазалықта ұстау үшін жуғыш, дезинфекциялаушы құралдармен (ҚР-да қолдануға рұқсат етілген) және қағаз сүлгілермен, дәретхана қағаздарымен материалдық-техникалық жабдықтауды қамтамасыз ету. Мердігердің Тапсырыс берушінің объектілерінде (қаладан тыс жерде, жұмыс процесі вахталық әдіспен жүзеге асырылатын жерде) жұмыскерлерді тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін меншікті үй-жайлары болмаған жағдайда, Мердігер өз жұмыскерлерін тұру жағдайларымен қамтамасыз ету мақсатында көрсетілген Тапсырыс берушінің объектілерінде бар тұрғын үй-жайларды пайдалануға қол жеткізу үшін шаралар қабылдауға міндетті. 3) Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істейтін жұмыскерлерді Тапсырыс берушінің объектілеріне жеткізу үшін, сондай-ақ объектілер арасында қозғалу үшін көлікпен қамтамасыз ету, бұл ретте: - мердігердің жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға және көлік қызметтерін көрсетуге барлық рұқсат беру құжаттары болуы тиіс; - жолаушыларды тасымалдауға арналған көлік құралдарының жинақталуы: кондиционерлеу және/немесе желдету жүйесі, жылыту жүйесі, жұмсақ орындықтар, автобустар мен микроавтобустардың салондары таза болуы, орындықтар зақымдалмаған және реттелетін болуы тиіс; - көлік құралдары жайлылық талаптарына жауап беруі, барлық жолаушылар үшін қауіпсіздік белдіктері болуы және жазғы және қысқы кезеңде толық техникалық жабдықталуы тиіс. 4) Мердігердің Шарт талаптарына толық сәйкес міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету үшін жұмыскерлерді қажетті мөлшерде және жұмысқа жарамды күйде еңбек құралдарымен қамтамасыз ету, атап айтқанда: еңбек құралдарымен немесе еңбектің механикалық құралдарымен (станоктармен, машиналармен, жабдықтармен, аспаптармен және т.б.).

9.6.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Мердігердің Жұмыстарды орындау процесін тоқтатуына тыйым салынады.

9.6.4. Ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және басқа да еңбек даулары Жұмыстарды орындауға тартылған персоналдың қатысуымен туындаған жағдайда, Мердігер осындай мән-жайларға байланысты кез келген мәселелерді реттеу жөніндегі іс-шараларға өз ұйымының бірінші басшысының тікелей қатысуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

9.6.5. Мердігер еңбек даулары туындаған кезеңде Жұмыстарды орындауды толық тоқтатуды болдырмау үшін персоналдың жұмысын ұйымдастыруға міндетті. Қажет болған жағдайда, Мердігер Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қосымша персоналды немесе қосалқы мердігерлерді тартуға міндетті.

9.6.6. Мердігер ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және басқа да еңбек даулары кезінде іс-қимыл жоспарын әзірлеуге,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Тапсырыс берушімен келісуге және бекітуге, сондай-ақ Жұмыстарды орындау кезінде кідірістерді барынша болдырмау үшін осы жағдайларды реттеу жөніндегі шараларға персоналды уақтылы оқытуға міндетті.

9.6.7. Мердігердің өз күшімен реттеу мүмкін емес еңбек даулары туындаған жағдайда, ол дауды тезірек шешу үшін білікті медиаторларды немесе мамандарды өз есебінен тартуға міндетті, бұл ретте осы іс-әрекеттерді Тапсырыс берушімен алдын ала келісіп алады.

9.6.8. Ұжымдық еңбек дауы туындаған жағдайда, Тапсырыс берушіге жұмыскерлердің ұсынған ұжымдық талаптарына байланысты барлық қажетті ақпарат пен құжаттаманы (дәлелді ұстаным, талаптарды қанағаттандыру мүмкін еместігін растайтын құжаттар және т.б.) ұсыну.

9.7. Жұмыскерлер арасындағы көңіл-күй туралы ақпаратты уақтылы алу мақсатында Мердігердің жұмыскерлермен өзара іс-қимыл тәртібі.

9.7.1. Мердігер жұмыскерлері арасындағы көңіл-күй туралы ақпаратты уақтылы алу және жұмыскерлерді Мердігер ұйымының қызметі туралы хабардар ету мақсатында келесі ішкі коммуникация механизмдерін қамтамасыз етеді: Мердігердің бірінші басшысы жыл сайын бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 1 қыркүйекке дейін және жыл қорытындысы бойынша 1 наурызға дейін өз жұмыскерлерімен әлеуметтік-еңбек қатынастары мәселелері бойынша кездеседі, онда еңбек ұжымы Мердігердің өндірістік көрсеткіштері туралы хабардар етіледі, ал Мердігер басшылығы жұмыскерлердің сұрақтары мен ұсыныстарын жинайды, оларға жауап береді; Мердігердің бірінші басшысы өз ұйымының жұмыскерлерін жеке мәселелері бойынша айына кемінде бір рет қабылдайды; 2) мердігер өз жұмыскерлерінің өтініштерін қарауды және өтініш берушілердің қабылданған шешімдер туралы жауап алуын қамтамасыз етеді.

9.8. Тапсырыс берушінің Шарттың 9.6 – 9.9-тармақтарында көзделген ережелерді Мердігердің сақтауын тексеру тәртібі.

9.8.1. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасының және осы Шарттың, соның ішінде 9.6 – 9.9-тармақтарында көзделген талаптарды Мердігердің сақтауын жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізуге құқылы. Тексеру нәтижелері осы Шартқа №8 Қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша Тексеру парағын жасау арқылы ресімделеді. Жоспарлы тексерулер жылына кемінде 1 рет жүргізіледі. Жоспардан тыс тексерулер мына негіздемелер бойынша жүргізіледі: Мердігер жұмыскерлерінің заңды құқықтарының бұзылуы туралы келіп түскен өтініштер мен арыздар; бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар; мемлекеттік органдардан және басқа да көздерден, соның ішінде Тапсырыс берушінің лауазымды тұлғаларынан келіп түскен мәліметтер. Тапсырыс берушінің тексеруін жүргізу барысында Мердігер міндетті: - Тапсырыс берушіге өзекті және объективті деректерді ұсынуға; - Тапсырыс берушінің барлық әлеуметтік-тұрмыстық және өндірістік сипаттағы объектілерге кіруін қамтамасыз етуге.

9.9. Мердігердің еңбек қатынастары саласындағы ілеспе міндеттемелері.

9.9.1. Мердігер міндеттенеді: - әлеуметтік-тұрмыстық сипаттағы теріс көріністердің туындауының ықтимал факторларын, себептерін, шарттарын және алғышарттарын анықтау және тіркеу мақсатында еңбек ұжымындағы жағдайға үздіксіз мониторинг және талдау жүргізуге; - еңбек ұжымындағы әлеуметтік наразылықтардың туындауының нақты және ықтимал тәуекелдерін зерттеуге, бағалауға және болжауға; - қандай да бір әлеуметтік-еңбек даулары туындаған немесе туындау қаупі болған жағдайда Тапсырыс берушіні хабардар етуге. Бұл ретте, жұмыскерлердің өкілдерімен келіссөздер процесіне кіру және туындаған жағдайды қолданыстағы заңнамаға сәйкес шешу шараларын қабылдауға; - Тапсырыс берушінің объектілеріндегі жұмысқа тартылатын қосалқы мердігерлік ұйымдарға ұқсас талаптарды белгілеуге.

9.10. Қоршаған ортаны қорғау саласында:

9.10.1. Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 339-бабына сәйкес Мердігер осы Шарттың нысаны болып табылатын Жұмыстарды орындау кезінде оның қызметі нәтижесінде пайда болатын барлық өндіріс және тұтыну қалдықтарының (жеке шикізат пен материалдардан, сондай-ақ Тапсырыс беруші ұсынатын шикізат пен материалдардан) меншік иесі болып табылады және «ластаушы төлейді» қағидатына сәйкес, осындай қалдықтарды экологиялық заңнамаға сәйкес қалдықтарды қалпына келтіру немесе жою операцияларын жүзеге асыратын тұлғаға иелікке бергенге дейін қалдықтарды басқару бойынша экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге жауапты болады. Қалдықтарды орналастыру орындарына дейін тасымалдауды мердігерлік ұйымдар меншікті автокөлікпен немесе келісімшарттар бойынша жүзеге асырады.

9.10.2. Мердігердің өндіріс процесінде пайда болатын барлық қалдық түрлерін шығаруға мамандандырылған ұйыммен шарты болуы тиіс.

9.10.3. Егер Шарттың қолданылу кезеңінде Тапсырыс берушінің аумағында Мердігердің өндірістік базасы және/немесе тұрғын кенті орналастырылса, Мердігер Тапсырыс берушінің аумағында тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуге, өндірістік сұйықтықтардың төгілуіне немесе оның материалдармен, жабдықтармен негізсіз үйіліп қалуына жол бермеуге, сондай-ақ Мердігер жұмыскерлерінің осы аумақ үшін белгіленген Тапсырыс беруші режимін және экология, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік актілердің талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге міндетті. Осы мақсаттарда Мердігер инженер-техникалық жұмыстар құрамынан Тапсырыс берушінің аумағында жоғарыда көрсетілген талаптардың орындалуына жауапты тұлғаны тағайындайды.

9.10.4. Осы Шартта көзделген Жұмыстарды орындау процесінде Мердігер өз күшімен және қаражатымен Жұмыс объектісін және

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ұйымның орналасу орнын өз қоқысынан және оның қызметінде пайда болатын барлық басқа да өндіріс және тұтыну қалдықтарынан жүйелі түрде тазартуды қамтамасыз етеді.

9.10.5. Мердігер қалдықтарды орналастыру (уақытша сақтау) орындарында орналастыру кезінде экологиялық талаптарды бұзғаны үшін жауапты болады.

9.10.6. Жұмыстар аяқталғаннан кейін Мердігер кен орнының инженер-экологының қатысуымен, Тапсырыс беруші тарапынан орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойғанға дейін, орналасу орнынан немесе орналасу базасынан барлық меншікті жабдықтары мен техникасын, материалдардың артық мөлшерін және т.б. шығарады, өздері салған уақытша ғимараттар мен құрылыстарды бөлшектейді, осы Жұмыстардан пайда болған қалдықтарды шығарады және өзінен кейін Жұмыс орнын және/немесе орналасу орнын экологиялық талаптарға және санитарлық нормаларға сәйкес күйде, алаңды комиссия актісімен тапсыра отырып қалдырады.

9.10.7. Жұмыстарды өндіру кезінде Тапсырыс берушінің келісімшарттық/келісімшарттан тыс аумағында әртүрлі қалдық түрлерінің рұқсат етілмеген үйінділерінің пайда болуына жол бермеу, әйтпесе Мердігерге осы Шарттың талаптарына сәйкес айыппұл санкциялары қолданылады.

9.10.7.1. Мердігер Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында және/немесе келісімшарттық аумағымен шекаралас жерлерде қалдықтардың сан-алуан түрлерінің рұқсат етілмеген үйінділерін түзген немесе орналастырған жағдайда, Мердігер қалдықтардың тиісті көлемдері бойынша қоршаған ортаға эмиссияларүшін төлем бойынша салық декларацияларының ұсынылған көшірмелері негізінде қоршаған ортаға эмиссияларүшін төлем жасау бойынша Тапсырыс берушінің шығындарын өтеп береді.

9.10.8. Мердігер ай сайын, әрбір есепті айдың 25-күніне дейін, сондай-ақ тоқсанына бір рет Тапсырыс берушіге Шартқа №9 қосымшаға сәйкес экологиялық рұқсаттарда белгіленетін эмиссия нормативтеріне сәйкес қоршаған ортаға әсері туралы есеп (экологиялық есеп) ұсынуға міндетті. Мердігер осы тармақта көзделген міндеттемелерді орындамаған кезде Тапсырыс беруші Шарттың 5.2-тармағында белгіленген мерзім шегінде Мердігерге Шарттың 5.4-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама жібере отырып, орындалған жұмыстар актісіне қол қоймауға құқылы. Экологиялық есепті Тапсырыс берушінің жазбаша хабарламасында көрсетілген мерзімде ұсынбаған кезде Тапсырыс беруші осы Шарттың 8.2.2-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

9.10.9. Мердігер өз есебінен ҚР ЭК 185-бабына сәйкес өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының талаптарын орындауға, барлық ластану көздері мен қоршаған ортаға әсері бойынша өлшеулерді ескере отырып, өндірістік мониторинг жүргізуге және Тапсырыс берушіге есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері туралы есептерді ұсынуға міндеттенеді. Мердігер осы тармақта көзделген міндеттемелерді орындамаған кезде Тапсырыс беруші Шарттың 5.2-тармағында белгіленген мерзім шегінде Мердігерге Шарттың 5.4-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама жібере отырып, орындалған жұмыстар актісіне қол қоймауға құқылы. Есепті Тапсырыс берушінің жазбаша хабарламасында көрсетілген мерзімде ұсынбаған кезде Тапсырыс беруші осы Шарттың 8.3.2-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

9.10.10. Есепті кезең (тоқсан) аяқталғаннан кейін 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде төлемге шот алған сәттен бастап, осы Шарт бойынша Мердігер ұсынған төлемдер тізіліміне сәйкес, меншікті ластану көздері бойынша қоршаған ортаға шығарындылар үшін міндетті төлемдер бойынша Тапсырыс берушінің шығыстарын өтеу. Уақтылы төлемеген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге тиесілі төлемнен жоғарыда көрсетілген төлемдер бойынша шығыстар сомасын біржақты тәртіппен ұстап қалуға құқылы.

9.10.11. Мердігер ұсынылған экологиялық есептер бойынша сенімділікке жауапты болады. Мемлекеттік органдар тарапынан тексеру кезінде бұзушылықтар анықталған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге қойылған айыппұл сомасын толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9.11. Өндірістік бақылау саласында:

9.11.1. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Мердігердің және (немесе) Қосалқы мердігердің осы Шарттың ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асыруға құқылы. Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және азаматтық қорғаныс саласындағы заңнамалық және өзі қоятын талаптардың сақталуын бақылауын жүзеге асыруы үшін Мердігер Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдерінің Жұмыс өндірісі орындарына, вахталық кенттерге және өндірістік базаларға кедергісіз баруын қамтамасыз етуі тиіс.

9.11.2. Талаптарды бұзушылықтар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге бұзушылықтарды жоюдың ұсынылған мерзімдері көрсетілген тиісті акт береді. Мердігердің (немесе) Қосалқы мердігердің мұндай актіге қол қоюдан бас тартуы жағдайында, ол Тапсырыс берушімен біржақты тәртіппен ресімделеді.

9.11.3. Егер Мердігер қандай да бір себептермен бұзушылықтарды ұсынылған мерзімдерде жоя алмаса, онда Тапсырыс берушімен бірлесіп, келісілген мерзімдерді көрсете отырып, бұзушылықтарды жою жөніндегі Жоспар әзірленеді.

9.11.4. Бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты Мердігер ай сайынғы есептілік құрамында береді.

9.11.5. Ішкі тергеу нәтижесінде анықталған Мердігердің кінәсі болған кезде, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау процесінде болған апаттар, оқиғалар және жазатайым оқиғалар үшін Мердігер Тапсырыс берушіге келтірілген барлық залалдарды өтеуге

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

міндеттенеді.

9.11.6. Егер Жұмыстарды орындау барысында және/немесе Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында болған кезде Мердігердің жұмыскері немесе Жұмыстарды орындау үшін Мердігермен тартылған үшінші тұлға жарақаттар алған, мертіккен болса немесе осындай жұмыскердің немесе үшінші тұлғаның өлімі орын алған болса, Тапсырыс беруші жауакершілік көтермейді, егер де аталған жағдайлар Тапсырыс берушінің кінәсінен орын алмаған болса және/немесе Мердігердің қызметкері және үшінші тұлға тарапынан қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі, электрлік қауіпсіздік, өнеркәсіптік санитария талаптары мен ережелерін және жол қозғалысы ережелерінің бұзылуы салдарынан орын алған болса.

9.11.7. Мердігер немесе Жұмыстарды орындауға тартылған қосалқы мердігерлік ұйым жол-көлік оқиғаларына, оқиғаларға, апаттарға, төгілулерге, қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау бөлігінде жол бергенде, .Тапсырыс берушінің аумағында жол қозғалысы ережелерінің бұзылуына жол берілгенде, залалдың болуына қарамастан Шарттың талаптарына сәйкес айыппұл санкциялары қолданылады.

9.11.8. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Мердігерден Тапсырыс берушінің пікірінше, өз міндеттемелерін орындауға біліксіз немесе Тапсырыс берушінің мүдделеріне нұқсан келтіретін әрекеттерде айыпталатын немесе мінез-құлқы Тапсырыс берушіге зиян келтіретін кез келген Мердігер жұмыскерін Тапсырыс берушіге шығынсыз жұмыстан шеттетуді талап етуге құқылы, және Мердігер бағынуға міндетті болады және егер бұл талап етілсе, Тапсырыс берушіге қосымша шығынсыз қолайлы ауыстыруды дереу жүзеге асырады;

9.11.9. Мердігер қызмет көрсету кезінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Заңнамалық талаптарды бұзғаны үшін, соның ішінде айыппұлдарды, өсімпұлдарды төлеу, сондай-ақ осыған байланысты келтірілген зиянды өтеу үшін дербес жауапты болады. Егер Тапсырыс беруші Мердігердің жоғарыда көрсетілген бұзушылықтары үшін жауапкершілікке тартылса, соңғысы Тапсырыс берушіге осы арқылы келтірілген барлық залалдарды өтеуге міндетті;

9.11.10. Жұмыстарды орындау процесінде болған Тапсырыс беруші жұмыскерлерімен болған оқиғалар үшін Мердігердің кінәсі болған кезде, Мердігер Тапсырыс берушіге келтірілген залалдарды өтеуге міндетті.

9.11.11. Мердігердің осы баптың талаптарын сақтамауы, сондай-ақ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын бұзуы осы Шарттың талаптарын елеулі бұзу болып табылады және Тапсырыс берушіге осы Шартты Мердігерге осындай бұзумен байланысты залалдарды өтеу міндеттемесінсіз біржақты тәртіппен бұзу құқығын береді.

10. Хат-хабар

10.1. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша түрде орындалуы тиіс кез келген хат-хабар, хабарлама, есеп, сұрау салу, талап, бекіту, келісім, нұсқау, тапсырыс, сертификат немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және қолма-қол немесе пошталық хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факспен немесе электрондық поштамен, факс/электрондық нұсқасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасын кейіннен ұсыну арқылы жеткізілуі тиіс, уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен қол қойылған және Мердігердің ресми электрондық мекенжайына электрондық түрде жіберілген хат-хабарды қоспағанда. Егер Шартта Мердігердің электрондық мекенжайы тікелей көрсетілмесе және Мердігер оны Тапсырыс берушіге ұсынбаса, Веб-порталда көрсетілген электрондық мекенжай Мердігердің ресми электрондық мекенжайы болып саналады. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу бойынша барлық құжаттарда Тараптардың деректемелері мен Шарттың нөмірі болуы тиіс.

10.2. Электрондық және/немесе тапсырыс поштамен, курьерлік поштамен, телеграммамен немесе факспен жіберілген (ертерек алынғанын растау болмаған кезде) кез келген хабарлама оның алынғаны туралы белгі қойылған сәтте жеткізілген болып саналады.

10.3. Жұмыс барысындағы хат алмасудың барынша жеделдігін қамтамасыз ету үшін Тараптар арасындағы хат алмасу түпнұсқаларды қағаз тасымалдағышта Тараптардың мекенжайына кейіннен жіберу арқылы электрондық пошта арқылы жүзеге асырылады.

10.4. Барынша жеделдікті қамтамасыз ету үшін Тараптар арасындағы жұмыс барысындағы хат алмасу электрондық пошта арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Осындай тәсілмен жіберілген жағдайда қол қоюға арналған құжаттардың түпнұсқалары кейіннен пошта арқылы қағаз тасымалдағышта жіберілуі тиіс. Тапсырыс берушінің талабы бойынша кез келген хат алмасу Мердігермен қағаз тасымалдағышта да ұсынылуы тиіс.

11. Шарттың қолданылу мерзімі

11.1. Тұлғаларының қолы қойылған күннен бастап күшіне енеді, №1 қосымшада көрсетілген қолданылу мерзімімен, ал өзара есеп айырысу бөлігінде – Тараптар Шарт бойынша өздерінің барлық міндеттемелерін толығымен орындағанға дейін қолданыста болады (егер Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес, Тапсырыс берушінің қызметін басқаратын уәкілетті орган (Байқау кеңесі) Шарттың жасалуын мақұлдау туралы шешім қабылдауы тиіс болса, Шарт – Шарттың жасалуын мақұлдау туралы тиісті шешім қабылданған және Тараптардың қолы қойылған сәттен бастап күшіне енеді).

11.2. Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы осындай мән-жайлар басталған кезден бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша нысанда (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ осындай мән-жайлардың басталу фактісін растайтын құзыретті орган берген құжаттарды ұсынуы тиіс.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

12. Еңсерілмес күш жағдайлары (Форс-мажор)

12.1. Егер осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының (су тасқыны, жер сілкінісі және басқа да дүлей зілзалалар, эмбарго, соғыс немесе әскери іс-қимылдар, диверсия, терроризм, Жұмыстарды орындауға тыйым салатын немесе қандай да бір өзге де жолмен кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің күшіне енуі) салдары болса, бұл жағдайлар Тараптардың еркіне тәуелді болмаса және Тараптардың кез келгенінің өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпесе, Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Бұл ретте, еңсерілмейтін күш жағдайларына қызметкерлердің ереуілдері, кредиттік қаржыландыруды алу мүмкінсіздігі, нарықта қажетті материалдардың/жұмыстардың/қызметтердің болмауы, қаржылық және экономикалық дағдарыстар, соның ішінде теңгеге қатысты валюта бағамының өзгеруі және т.б. жатпайды.

12.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде кез келген Тарап олар туындаған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде екінші Тарапты осы жағдайлардың басталғаны туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Бұл жағдайлар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы берген құжаттың түпнұсқасымен расталуы тиіс.

12.3. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш жағдайларының, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған салдарлардың әрекет ету уақытына сәйкес кейінге шегеріледі.

12.4. Шарттың 12.2-тармағында көрсетілген тәртіппен хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу Тарапты міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде кез келген жоғарыда аталған мән-жайға сілтеме жасау құқығынан айырады.

12.5. Егер міндеттемелерді толық немесе ішінара орындау мүмкінсіздігі 2 (екі) айдан астам уақытқа созылса, Тараптар Шартты бұзуға және өзара есеп айырысуды жүргізуге құқылы болады.

12.6. Мердігер еңсерілмейтін күш жағдайларының әрекет ету кезеңінде орындалған Жұмыстарды және Мердігердің барлық Материалдары мен Жабдықтарын, ресурстарын және Жұмыстармен байланысты, Тапсырыс берушіден салынған және қабылданған басқа да позицияларды барлық залал, зақымдану, жойылу түрлерінен қорғауды қамтамасыз ету үшін ақылға қонымды шаралар қабылдауға міндетті. Күнтізбелік кесте Тараптармен еңсерілмейтін күш жағдайларының әрекет ету мерзіміне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

13. Дауларды шешу тәртібі

13.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

13.2. Дауларды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қызылорда облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралуы тиіс.

13.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

14.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

14.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

14.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

14.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14.8. Тараптар Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді Шарт тараптарының бірі бұзған кезде шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады.

14.9. Мердігер төмендегі ескертпелердің кепілдіктерін сақтайды: • мемлекетпен байланысты тұлға (болып табылады/табылмайды) және оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері немесе тікелей немесе жанама иелері болып табылатын Саяси маңызы бар тұлғалары (бар/жоқ). Мердігер кез келген Саяси маңызы бар тұлға Мердігердің лауазымды тұлғасы немесе қызметкері болған немесе Мердігерге қатысудың тікелей немесе жанама үлесін алған барлық жағдайлар туралы Тапсырыс берушіні жазбаша түрде дереу хабардар етуге міндеттенеді; • заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған, қандай да бір заңсыз мақсаттарда емес және тек заңды қаржыландыру көздері бар; • Мердігер және оның Үлестес тұлғалары алаяқтықпен немесе сыбайлас жемқорлықпен байланысты қандай да бір заңсыз іс-әрекеттер жасағаны үшін сотталмаған немесе кінәлі деп танылмаған. Мердігер, егер Мердігер немесе оның қандай да бір Үлестес тұлғалары осындай заңға қайшы әрекеттерді жасағаны үшін сотталса немесе кінәлі деп танылса, Тапсырыс берушіні жазбаша түрде дереу хабардар етуге міндеттенеді. Мердігер Тапсырыс берушінің ресми веб-сайтындағы «БК «Қазгермұнай» ЖШС-н (бұдан әр - Серіктестік) Іскерлік әдеп кодексімен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысқанын растайды. Мердігер ҚМГ-ның Іскерлік әдеп кодексін және Тапсырыс берушінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын толық түсінетінін куәландырады.

14.10. Мердігер Тапсырыс берушінің қызметімен байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды бұзудың барлық жағдайлары туралы Тапсырыс берушіге уақытылы хабарлауға міндеттенеді. Талаптардың бұзылу жағдайлары туралы хабарламау үшін Мердігер Тапсырыс берушінің «Қауырт желісін» пайдалануға міндетті, ол туралы ақпарат Тапсырыс берушінің ресми веб-сайтында орналастырылады.

15. Құпиялылық

15.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

15.2. Мердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

15.3. Тараптар Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) жыл ішінде құпиялылықты сақтауға міндеттенеді.

16. Зияткерлік меншік

16.1. Осы Шарт шеңберінде Мердігер жасаған және әзірлеген ақпаратқа қатысты зияткерлік меншіктің барлық құқықтары және барлық өзге де мүліктік құқықтар мен құқықтар Тапсырыс берушіге тиесілі. Егер Мердігер мұндай ақпаратты тапса, әзірлесе немесе жасаса, және осы ақпаратқа байланысты авторлық құқық немесе кез келген басқа зияткерлік меншік құқығы немесе басқа да құқықтар туындаса, бұл жұмыстар, зияткерлік меншік және құқықтар осы келісімшарт бойынша жалдау арқылы орындалған жұмыс болып табылады және бұл құқықтар Тапсырыс берушінің айрықша меншігі болып табылады. Мердігер Тапсырыс берушіге ақпаратқа зияткерлік меншік құқығын қорғауды алуға немесе қамтамасыз етуге, соның ішінде өтінімдер мен беру құжаттарына қол қоюға көмектесуі тиіс.

16.2. Шарттық ақпараттың кез келгенін толық немесе ішінара қамтитын немесе көрсететін барлық көшірмелер, үзінділер, сызбалар және басқа да материалдар бірінші орын алатын оқиғадан кейін отыз жұмыс күні ішінде: (а) осы Шарттың қолданылуын тоқтату; немесе (б) Жұмыстарды аяқтау күнінен бастап Тапсырыс берушіге қайтарылуы немесе жеткізілуі немесе жойылуы тиіс.

16.3. Егер ақпарат Мердігер пайдаланатын компьютерлік жүйелерге немесе басқа да деректерді сақтау жүйелеріне көшірілген болса, барлық осындай деректер жазбалары оларды оқылмайтын ететін тәсілмен жойылуы тиіс, (осы Шартты жария етуге қатысты барлық шектеулерді ескере отырып) үнемі жасалатын электрондық деректердің резервтік көшірмесінің бөлігі ретінде ғана бар, жойылуы негізсіз және іс жүзінде мүмкін емес ақпаратты қоспағанда.

16.4. Мердігер осымен Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша Жұмыстардың нәтижелеріне айрықша құқықтар үшінші тұлғаларға берілмейтініне кепілдік береді. Үшінші тұлғалар Тапсырыс берушіге Жұмыстардың нәтижелеріне айрықша құқықтарға қатысты шағым-талаптар қойған жағдайда, Мердігер осы кепілдіктердің талаптарын бұзған жағдайда, осыған байланысты барлық залалдарды Тапсырыс

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

17. Сақтандыру

17.1. Осы Шарт немесе заңнама бойынша өз міндеттемелерін шектеместен, Мердігер Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде қолданыста болатын, осы Баптағы сақтандыру жабуларының тізіміне сәйкес сақтандыру қорғанысын сатып алуы немесе қамтамасыз етуі тиіс. Сақтандыру шарттары заңнамаға сәйкес сақтандыру ұйымдарымен жасалады және сақтандыру қорғанысы Тапсырыс берушінің осындай сақтандыру қорғанысын қамтамасыз ететін сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығына қатысты талаптарын қанағаттандыруы тиіс. Мердігер кем дегенде келесі сақтандыру жабуларын қамтамасыз етеді (Жұмыстардың ерекшелігіне байланысты сақтандыру түрлері өзгертілуі мүмкін):

17.1.1. Персоналды сақтандыру. Жұмыс берушінің қызметкерге еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жауапкершілігін сақтандыру.

17.1.2. Жалпы жауапкершілікті сақтандыру. Кез келген оқиға немесе оқиғалар қатары үшін Үшінші тұлғалар алдындағы жалпы жауапкершілікті сақтандыру, оның ішінде Апат салдарынан байқаусызда ластану және ластану үшін жауапкершілікті, заңнамада белгіленген мөлшерде осы Шарт бойынша Мердігердің Жұмыстарын жабумен.

17.1.3. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыру. Заңнама талаптарына сәйкес, заңнамада белгіленген мөлшерде сақтандыру жабуымен көлік құралдарын пайдалану кезінде Үшінші тұлғаларға және жолаушыларға залал келтіргені үшін жауапкершілікті сақтандыру. Мердігер Қосалқы мердігерлердің олар пайдаланатын автокөлік құралдарына қатысты осындай сақтандыру түрін ұйымдастыруын қамтамасыз етеді.

17.1.4. Заңнамада белгіленген сомалар шегінде міндетті экологиялық сақтандыру. Қоршаған ортаны ластауға байланысты жауапкершілік тәуекелдерін, соның ішінде қоршаған ортаға келтірілген залалдың салдарын жою бойынша шығындарды, сондай-ақ үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру.

17.1.5. Мүлікті сақтандыру. Мердігер мүлкінің қалпына келтіру құны негізінде барлық тәуекелдерден мүлікті сақтандыру, соның ішінде Жабдықты Жұмыс алаңына дейін және одан тасымалдау кезіндегі жабу. Мердігер Қосалқы мердігерлердің осындай сақтандыру түрін ұйымдастыруын қамтамасыз етеді.

17.1.6. Кәсіби қызмет барысындағы залалдарды сақтандыру;

17.1.7. Заңнамалық талаптарға сәйкес қажетті кез келген басқа сақтандыру түрлері.

17.2. Осы Бапта көрсетілген сақтандыру полистері мен сомалары ең төменгі талаптар болып табылады және жауапкершілікті шектемейді, сондай-ақ егер Шартта өзгеше келісілмесе, Тапсырыс берушіге көрсетілген сомадан асатын кез келген сомаға қатысты жауапкершілік жүктейтін немесе Мердігердің осы Шарт бойынша жауапкершілігін шектейтін деп саналмауы тиіс.

17.3. Шағым-талап болған жағдайда, осы Бапта көрсетілген кез келген сақтандыру полисі шеңберінде сақтандыру өтемінен шегерілетін кез келген сома (мысалы, франшиза) Мердігердің есебінен төленуі тиіс. Мердігер Тапсырыс берушінің өтініші бойынша жоғарыда аталған барлық шегерілетін сомалардың егжей-тегжейін дереу ұсынуы тиіс.

17.4. Мердігер осы Баптың талаптарына сәйкес қамтамасыз етуі тиіс кез келген сақтандыру түрінде келесі шарттар болуы тиіс: • тиісті сақтандырушылардың Тапсырыс берушіге немесе оның тиісті сақтандырушыларына қарсы суброгация құқығы жоқ. Сонымен қатар, осы Баптың талаптарына сәйкес жасалатын кез келген сақтандыру полисінде Тапсырыс берушінің осындай сақтандыру полистері бойынша қосымша сақтандырылған тұлға болып табылатыны көзделуі тиіс; • сақтандырылғандардың бірінің сақтандырушыға хабарламасы барлық сақтандырылғандардың атынан жасалған хабарлама болып саналады; • бір сақтандырылғанның ақпаратты жария етуден бас тартуы басқа сақтандырылғандардың сақтандыру шарты бойынша талап қою құқықтарына зиян келтірмейді.

17.5. Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Мердігер Тапсырыс берушіге Мердігердің осы Бапқа сәйкес сақтандыруы тиіс әрбір сақтандыру жабуының түрі мен мөлшерін растайтын сақтандырылған тұлғалардың/мүліктің тізімдерін қоса бере отырып, Мердігердің сақтандыру полистерінің және/немесе сақтандыру шарттарының көшірмелерін ұсынуы тиіс. Осы Бап бойынша талап етілетін сақтандыру жабуларында сақтандырудың күшін жоюға болмайтыны және оның шарттары Тапсырыс берушіге 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жіберілген алдын ала жазбаша хабарламасыз Шарттың қолданылу мерзімі ішінде елеулі түрде өзгертілмейтіні туралы ереже болуы тиіс. Тапсырыс беруші Мердігер орындауы тиіс барлық сақтандыру іс-шаралары аяқталғанға дейін Мердігерді Жұмыстарды орындауға жібермеуге құқылы. Мердігер сақтандыру шарттары бойынша талап қоюға негіз болуы мүмкін кез келген оқиға туралы Тапсырыс берушіні қысқа мерзімде жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

